

ФАКУЛЬТЕТ ЖЫЛНАМАСЫ ЛЕТОПИСЬ ФАКУЛЬТЕТА

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ АҒАСЫ СӘКЕН ОБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 75 ЖЫЛ

З.О. Өнербаева – п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясы» кафедрасының ұжымы

Қазіргі таңда жаратылыстану ғылымы негіздерін оқытудың өзекті мәселелерін шешуге барынша ат салып жүрген әдіскер-ғалым Сәкен Несіпбайұлы Обаев бүгінде 75 жасқа толып отыр.

Ол студент – жастарды оқытып тәрбиелеуде ұжым мақтанышына бөленіп, шығармашылық еңбегімен ел құрметке бөленіп жүрген ұстаз.

Ұжымда сыйлы, жас мамандар тәлімгері, сүйікті ұстаз болумен бірге, үлгілі, отбасы.

Обаев С.Н. 1954 жылы ҚазПИ-дің жаратылыстану-география факультетіне оқуға түсіп оны 1960 жылы «география-биология» мамандығы бойынша ойдағыдай бітіріп шыққан. Еңбек жолын Алматы облысы Кеген орта мектебінің география-биология мұғалімі болудан бастады. Көп ұзамай оның қабілеттілігін байқаған мектеп ұжымы, оны мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары етіп тағайындады. Сол жылда-ақ талантты жас оқу ісінің меңгерушісі ретінде оқу тәрбие жұмысын жаңаша, өмір талабына сай құруға жұмыла кіріседі. Биология, география және ауылшаруашылығы пәндерінен сабақ бере жүріп, мектепте тұңғыш рет оқушылардың өндірістік бригадасын ұйымдастырады, 5 гектарға жуық жерге картоп, жүгері егіп аудан көлеміндегі өндірістік бригадалардың алдыңғы қатарынан орын алады.

Жаңа оқу бағдарламасына сәйкес мектепте өндірістік оқудың тынақты орын алмасуына үлкен үлес қосады. Сондықтан, аудандық оқу орнының басшылары Сәкен Несіпбайұлын жаңа қызметке – өндірістік оқу ісінің меңгерушісіне тағайындайды. Әр саладан хабары бар маман бұл істі де тез арада жолға қоя білді. Мектепте оқылатын жаңа пәндер – «мал шаруашылығы», «өсімдік шаруашылығы» пәндерінен де өзі сабақ береді. Бұл мамандықты меңгерген оқушылар колхоз бен совхоздың фермаларында, егістікте өндірістік практикадан өтіп, кәсіптік бағдар алады, «бағбан-механизатор», «егінші-механизатор» мамандығын алып шығады.

Жан-жақты білімі бар жас маманды жақсы білетін Абай атындағы ҚазПИ ректораты, деканаты мен кафедра меңгерушілері жаңа ашылған «Ауыл шаруашылығы» кафедрасына жұмыс істеуге шақырады. Міне сол 1962 жылдан күні бүгінге дейін осы киелі шаңырақта еңбек етіп келеді. Ол асистент, аға мұғалім, одан доцент дәрежесіне дейін көтерілді. Сәкен Несіпбайұлы институттың қоғамдық жұмысына белсене араласты – партия ұйымының хатшысы, факультеттің әдістемелік комиссиясының төрағасы, факультеттің педагогикалық практикасының жетекшілік қызметін 15-20 жыл бойына қатарынан басқарып келді. Деканның оқу ісінің, тәрбие жөніндегі орынбасарының қызметін де абройлы атқарғанына сол кездегі істеген әріптестері куә.

Сондай-ақ, бірнеше рет факультеттің ғылыми кеңесінің, қоғамдық ұйымдардың сайланбалы органдарының және Республикалық «жас натуралистер» қоғамының мүшесі болған.

Бүкіл университет тарапынан ұйымдасқан студенттердің – «механизаторлық отрядын» ондаған жылдар бойында абыройлы атқарғандығы да жұртқа белгілі. Ондағы мақсаты – студент-жастарды оқумен қатар еңбекке баулу.

Жаңашылдыққа жалпы жаны құмар ағамыз республикамыздағы оқу әдістемелік мамандардың басын қосып, бірденгейлі оқулықтардың өмірге келуіне бірден-бір себепші болды. Соның нәтижесінде мектепте оқылатын биология пәндерінің бірнеше түрлері пайда болды. Әрине бұл жолда таласта – тартыста болды. Дегенмен, сол кездерде жарық көрген ағамыздың теориялық-практикалық материалдары «Химия-биология», «Қазақстан мектебі», «Биология және салауаттылық өмір салты» журналдарының беттерінде жарияланып, одан көптеген авторлар бағалы ұсыныстарға қол жеткізіп өз еңбектерінде басшылыққа алды десек артық болмас.

Бүгінгі күнгі білімді бағалап тексерудің тиімді жалпы тест әдісі десек, оның да, арғы ата-тегі 1980 жылы жарық көрген ағамыздың «Оқушылардың биология пәнінен білімі мен біліктілігін тексерудің тиімді жолы» деген монографиясынан бастау алған деуге толық құқығымыз бар.

Сондықтан да биология пәндеріне оқыту әдістемесінің бірі «Оқытуда техникалық құралдарды пай-

далануға студенттерді үйрету» (ТСО-ны) оқытуды жолға қойған Республикамыздағы танымал әдіскеріміз бүгін торқалы тойын (75 жылдық) ат үстінде қарсы алып отыр. «Шәкіртсіз ұстаз тұл». – дейді. Солай болса ағамыз нағыз ұстаз. Сабақ үрдісін барынша студенттердің ақыл-ой қабілетін қалыптастыруға көп көңіл бөле жүргізеді. Сондай-ақ, кафедрадағы жас мұғалімдерге үлгі. Мәселен, әңгімелесу, дәріс, семинар, қайталау, аралас, саяхат сабақтарды көптеп ұйымдастырады.

Сол сияқты, мұғалімге тән ғылымның соңғы жетістіктерінің қатарынан орын алып жүрген тиімділік идеяларын сабақ оқыту процесінде басшылыққа алуды ұмытпайды. Оларға:

1. Оқулықпен, қосымша әдебиеттермен жұмыс.
2. Студенттердің білік, іскерлік дағдыларын шыңдаудағы курстық жұмыстар.
3. Дидактикалық материалды нәтижелі пайдалану жолдары.
4. Топтық жеке жұмыстар.
5. Проблемалық оқыту.
6. Техникалық оқу құралдары мен көрнекілік құрал жабдықтарды пайдалану.

Қазіргі таңда жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясы кафедрасының «биологияны оқыту әдістемесі» бөлмесі – студенттердің ғылыми-шығармашылық зертханасына айналған. Бұлай дейтініміз 2007 жылғы оқу жылының басынан университет кафедраны жаңа мультимедиялық техника интерактивті тақтамен жабдықты. Және де Алматы қаласының бірнеше мектептерінде үнемі үздіксіз педагогикалық практиканы өткізіп, ҚазҰПУ-дің студент-практиканттарына өз тәжірибесін аянбай үйретуде. Ол кісінің еңбек жолындағы сіңірген еңбегі еленіп, бірнеше рет мемлекет марапатына ие болған. Атап айтсақ, ғылыми, қоғамдық жұмыстары үшін «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері медальдары мен Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» Алтынсарин ордені белгісімен және Мақтау грамоталарымен наградталды.

2007 жылы «Инновациялық технологияларды оқу процесінде тиімді пайдаланудың жолдары» атты әдістемелік – семинар кеңесінде Сәкен Несіпбайұлы өз сөзінде, қазіргі заманғы қоғамның ақпараттық мәдениет деңгейіне әсерін тигізетін факторларды біліктілік және оны іздестіре білу, ақпаратты бағалау және қолдана білуге және жаңа технологиялық аппараттармен жұмыс істеуге студент-жастарды шақырып келеді. «Тәжірибе мысқылдап жиналды» – дегендей Сәкен Несіпбайұлы ылғида үзбей ізденіс, табандылық, тындырымды еңбек етуден жалықпайтын ұстаз. Оның нәтижесі ол кісіден дәріс алған бір ҚазҰПУ-дің өзінде 5 ғылым докторы-профессорлар мен доценттер, 15-ке жуық ғылым кандидаттары жұмыс істеп жүр. Қазіргі уақытта оқытуда техникалық құралдарды пайдалану бағытында Сәкен Несіпбайұлынан дәріс алған мыңдаған шәкірттері республикамыздың және ТМД елдерінің түпкір-түпкірлерінде оқу-ағарту, ғылыми-зерттеу салалары мен мекемелерінде жемісті еңбек етуде. Республикамыздағы биологияны оқыту жөнінен төрт-бес оқу әдістемелік оқулықтың, 70-ке тарта ғылыми-әдістемеліктің авторы.

Әсіресе, 2010 жылы А.Қ. Қисымовамен авторлық бірлестікте жазған «Биологияны оқыту әдістемесі» оқу құралындағы бүгінгі күннің келесі мәселелері, студенттер мен магистранттардың сүйіп оқитын оқу құралына айналды. Оқу құралы биологияны оқыту әдістемесі пәніне арналған негізгі оқулықтың жалпы әдістеме бөліміне қосымша рөлін атқара отырып, отандық білім беру жүйесіндегі, оқыту теориясы мен практикасындағы жетістіктерге сай жаңарылған материалды камтиды.

Ұстаздық – ұлы құрмет. Шәкірттеріне жүрек жылуын сыйлап, биология саласының қыры мен сырына жетік, сегіз қырлы – бір сырлы ұлағатты ұстаз Сәкен Несіпбайұлын мерейтойымен шын жүректен құттықтап. Өмірінің ұзақ болуын тілейміз.

**З.О. Өнербаева – «Жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясы»
кафедрасының доценті, п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ**

Бұл өмірдегі әрбір адамның өзіндік өмір жолы, тарихы бар. Соның ішінде ұлағатты ұстаз, білікті ғалым ретінде Жеңіс Әкімжанұлының өткен жолы мен еткен еңбегінің өзгеге өнеге, үлгі болары хақ. Біреулер қанша жыл өмір кешкенімен, өзіне де, өзгеге де ештеңе жасай алмай, бар ғұмырын тек күнделікті күйбең тіршілікпен өткізсе, енді бірі бар күш жігерін халық үшін, ел үшін бағыштап, бір өзі бірнеше адамның атқара алмағанын атқарып, өзінің артынан тамаша істер, ізбасарлар қалдырады.

Осындай өзіндік тұлға, бар өмірін тек шәкірттері үшін сарп еткен жанның бірі – біздің Жеңіс ағай. 2001 жылдан қазіргі уақыт аралығында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде қызметін бастап, өзінің алдына тек шәкірт үшін еңбек етуді мұрат еткен Жеңіс Әкімжанұлы бұл күні кез-келген адамның қолы жете бермейтін ардақты ел ағасы, шәкірттерінің құрметті де аяулы ұстазы дәрежесіне жетіп отыр. Ғалымның өмірі осы бір қасиетті мақсатқа бағытталды. Бұл мақсатқа жетудің басты шарты – өзінің таңдаған мамандықты жан-жақты игеру. Осы уақыт аралығында көптеген шәкірттерге білім беріп, бірнеше ізбасарларының ғылыми-педагогикалық жолын айқындап берді. Оның адамгершілігі мен парасаттылығы, қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі, жанашырлығы мен қамқорлығы өзінен кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге. Ұстаз-ғалымның өмір жолына көз жүгіртсек, Шоқыбаев Жеңіс Әкімжанұлы Алматы облысы Кеген ауылында 1942 жылы дүниеге келген. 1964 жылы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік Университетінің химия мамандығын аяқтаған, химия ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚЖМҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің құрметті кафедра меңгерушісі.

С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін химия мамандығы бойынша бітірген (1964), Кеңес Армиясы қатарында қызметін атқарған, С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің аспирантурасын бітірген. Химия ғылымдарының кандидаты (1970), педагогика ғылымдарының докторы (1994), ЖАК профессоры (1996).

Еңбек Қызыл Ту орденді Алматы зооветеринарлық институтында оқытушы (1968), доцент (1977), ал 1983 жылдан 1996 жылға дейін бейорганикалық және аналитикалық химия кафедрасының меңгерушісі. 1996 жылдан 2001 жылдар аралығында Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетінің химия кафедрасының меңгерушісі.

2001 жылдан 2011 жылдар арасында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық Университетінің химия кафедрасының меңгерушісі, қазіргі кезде сол университеттің құрметті кафедра меңгерушісі.

Шоқыбаев Ж.Ә. Қазақстан Жоғарғы Мектебі Ұлттық Ғылым Академиясының толық мүшесі – академик (2002). Ол Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 13.00.02. мамандығы бойынша орта және жоғарғы білім сферасында оқыту және тәрбие теориясы әдістемесінен докторлық диссертациялар қорғайтын диссертациялық Кеңестің ғалым хатшысы қызметін атқарған (химия, физика, математика).

Ғылымдағы бағыты: жоғары сапалы педагог мамандарын даярлау проблемасы, үздіксіз білім берудің психологиялық-педагогикалық проблемасы, химия пәні бойынша орта мектептер мен жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерін жасау.

Ғылыми бағдары бойынша ол 3 педагогика ғылымдары докторларын және 12 педагогика ғылымдары кандидаттарын даярлады. Оның 100-ден аса еңбектері жарық көрді. Олардың ішінде химия пәні бойынша ЖОО арналған оқулықтар мен оқу құралдары (Химия, (1986), Бейорганикалық және аналитикалық химия (1992), Химияны оқыту әдістемесі (2003), Аналитикалық химия, Бейорганикалық химия практикумы, Бейорганикалық химияның теориялық негіздері (2010), Элементтер химиясы (2010), химия есептері мен жаттығулары (2011)), орта мектептер үшін О.С. Габриелянмен бірге орыс және қазақ тілдерінде Химия 8, 9, 10, 11 оқулықтарын даярлап оқу процесіне енгізді.

Шоқыбаев Ж.Ә. ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен (1989), Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Құрмет грамотасымен (2002), Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Үздік ұстаз» медалімен марапатталған.

Жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдары:

1. Бейорганикалық және аналитикалық химия Білім, 2003, – Алматы., – 325 б.
2. ХИМИЯ. Мектеп, 1976, – Алматы, – 160 б.
3. АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯ ПРАКТИКУМЫ Каз Ұлттық агроуниверситеті 1998 – Алматы, – 98 б.

4. Жалпы химия практикумы. Рауан, 1994 – 120 б., 2004, Эверо – 150 б.
5. Бейорганикалық химия практикумы. «Мерсал», 2004 – 166 б.
6. Химияны оқыту әдістемесі. «Print», 2005 – 320 б.
7. Химияны оқыту әдістемесінің практикумы. «Print», 2006 – 166 б.
8. Бейорганикалық химияның теориялық негіздері. Абай ат. ҚазҰПУ, 2010 – Алматы, – 142 б.
9. Периодтық жүйедегі элементтер химиясы. – Абай ат. ҚазҰПУ, 2010 – Алматы – 133 б.
10. Гербицидтер. «Қайнар», 1976 – 64 б.
11. Химиялық препараттар ауыл шаруашылығында. «Қайнар», 1978.
12. Химия есептері мен жаттығулары. «ИП Волкова Н.А.», 2011 ж. – 215 б.
13. Химия 8, 9, 10, 11. – Алматы Кітап, 006, 2009 ж оқулықтар. – 82 б.

Аудармалар:

1. Химия. Васюченко С.В.
2. Аноорганикалық химияны орта мектепте оқыту.
3. Орта мектеп химиясы бойынша есептер мен жаттығулар жинағы.
4. Химия 8, 9, 10, 11. Габриелян О.С.



Әр ұстаздың үстелінен табылатын республикалық ғылыми-педагогикалық, “химия мектепте ” журналында редакция алқасының мүшесі болды, мұндағы әрбір журнал сандарында ғалымның мақалалары жарық көріп келеді.

Бұл күнде елінің өркендеуіне өзіндік үлес қосып жүрген әдіскер-ғалым, екі ұл, бір қыз тәрбиелеп, бірнеше немере өсіріп отырған абзал Әке, кісіге шапағатын төгуге ұмтылатын қадірлі ұстаз Шоқыбаев Жеңіс Әкімжанұлын 70 жасқа толуымен құттықтаймыз! Аяулы әке, ұстаз ретіндегі бақытымыз баянды, ұзағынан болсын, деніңіз сау, дүниедегі бар жақсылықты тілейміз, шәкірттеріңізге әлі де осылай толыққанды қызмет істей беріңіз дегіміз келеді. Әрі сөзіміздің аяғын ақын Ғ.Қайырбековтың:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы,
Ұстаз болу – мінездің күншуағы,
Ұстаз болу – адамның асылдары, – деп бітіргіміз келеді.

ӘОЖ 91:801.311 (574)

ҚАЗАҚ ОРОНИМДЕРІНІҢ СӘЙКЕСТІГІ ТУРАЛЫ

К.Д. Каймулдинова – з.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ

Жалпы алғанда, география ғылымындағы *сәйкестік (идентификация)* термині таксондарды ажырату дегенді білдіреді [1, 119 б.]. Топонимикадағы сәйкестік ұстанымының негізінде аумақтар топонимиясын зерттеу барысында анықталған топонимикалық кеңістіктің тұтастығы, географиялық атаулардың әркелкілігі және шоғырлануы туралы іргелі ұғымдар жатыр. Сәйкестік ұстанымының мәні топонимдердің аумақтық сәйкестіктерін анықтау және кеңістік таралуы мен шоғырлануын талдауда болып табылады. Бұл ұстанымның мазмұны нақты топонимиялық жүйені белгілі бір ландшафт жиынтығы бар аумақпен сәйкестендірумен анықталады. Мақаланың мақсаты Қазақстанның орографиялық нысандары атауларының мағыналық жүктемесінің нақты нысандар сипатына сәйкестік заңдылықтарын анықтау болып табылады.

Қазақстанда абсолютті деңгейі 200 метрден аспайтын ойпаттардан бастап, қазіргі заманғы мұздықтар таралған биік тауларға дейінгі жер бедерінің барлық дерлік биіктік деңгейлері кездеседі, биіктіктердің айырмасы 7127 метрді құрайды [2, 44 б.]. Жаратылысы, жасы, қалыптасуы жөнінен бір-бірінен өзгеше болып келетін орографиялық бірліктердегі жер бедері де алуан түрлі болады. Жер бедері типтері мен пішіндерінің әркелкілігі орографиялық терминологияның да мейлінше бай, жіктелген сипатта болуына алғышарт жасады. Е.Керімбаевтың мәліметтері бойынша, қазақ халқының орографиялық номенклатурасы 250-ге жуық лексикалық бірліктерді қамтиды [3]. Көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастырудың өзі жер бедерін жақсы ажыратып, ерекше жер бедерінің пішіндерін бір орыннан екінші орынға көшу барысында бағдарлаушы нүктелер ретінде ерекшелеуге негіз болды. Осы аталған факторлар әсерінен қазақ оронимиясы күшті жіктелген, метафораларға бай, жергілікті ландшафт ерекшеліктерін дәл бейнелейтін атаулардан тұратын жетілген жүйе ретінде қалыптасты деуімізге болады.

Басқа да табиғи географиялық нысандардың атаулары сияқты, оронимдер де көбінесе көне болады, олар аз өзгеріске түседі. Оронимдердің салыстырмалы түрде тұрақты сипаты оларды географиялық ақпарат көзі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Лингвист-зерттеушілер оронимдер құрамы мен құрылысын зерттеу барысында белгілі бір аумақтың неғұрлым көне субстраттық қабаттарын айқындауға болатыны туралы жазады. Оронимдер құрамындағы терминдер жер бедерінің жіктелу сипатын дәл бейнелейді: бұл мәліметтер табиғатты пайдалану барысында маңызды болды. Осы мәселеге байланысты орографиялық элементтерге ат қоюдың өзіндік диалектологиялық, аумақтық ерекшеліктері бар екенін байқадық.

Диалект дегеніміздің өзі термин тілде жалпыхалықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын, ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекелеген аймақ, аумақты білдіретін тіл ерекшелігі болып табылады [4, 4 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан аумағындағы орографиялық терминдердің айырмашылық жасайтыны байқалды. Сонымен қатар, бұл айырмашылық жер бедерінің аумақтық ерекшеліктерімен байланысты да туындаған.

Қазақ оронимдері тілдік ғылымдар тұрғысынан арнайы зерттелген (Керімбаев, 1988); орографиялық терминдерге географ-ғалымдар Ғ.Қоңқашбаев, Г.Ц. Медоев, Э.М. Мурзаев, белгілі ономаст ғалым Т.Жанұзактың еңбектерінде көрнекті орын берілген. Соған қарамастан, осы кезге дейін қазақ халқының орографиялық терминологиясының нақты таксономиялық жүйеленуі құрастырылмаған. Бұл мәселенің қиындығы Қазақстан аумағының кеңдігімен, қазақ халқының орографиялық терминологиясының өте жіктелген сипат алуымен, терминдердің нақты жер бедері сипатына байланысты мағыналық ығысуға ұшырайтындығымен және бұл тектес жүйелеуді тек географ мамандардың ғана жүргізе алатындығымен түсіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда, біз бастапқы үлгі ретінде өзіміз құрастырған топтастыруды ұсына отырып, бұл үлгінің әлі жана зерттеулер нәтижесімен толықтырылып, нақтыланатындығына күмән келтірмейміз (Кесте 1).

Кесте 1 – Топонимдер құрамындағы орографиялық терминдердің таксономиялық топтамасы

Жер бедері кластары	Жер бедері типтері	Жер бедері тип тармағы	Кең таралған терминдер	Таралу ареалы шектеулі терминдер
Жазықтар	Аккумуляциялық жазықтар	теңіздік аккумуляциялық	қара, қызыл, ой, сай, сор, тау, төбе, түп, шағыл	дөң, жота, қыл, оба, шың, тайпақ, шоқы, шошақ,
		көлді-аллювийлі	алаң, батпақ, ой, сай, сор, шұңқыр	арал, жарық, құм, оба, тұз, шат
		аллювийлі	байтақ, дала, жон, ой, ойық, копа, шұңқыр	асар, құмақ, табан, шоқат
		пролювийлі	адыр, бас, бауыр, дала, жазық, жон, қара, қыр, ой, өзек	бөктер, жайма, етек, қаңқай, шойырылма
		эолды	домбақ, жал, қоңыр, құм, төбе, шағыл, шоқат	асар, байыр, жар, құмақ, тұран, шошақ
	Денудациялық жазықтар	құрылымдық	бел, жазық, жон, ой, тау, тақыр, төбе, шат, шоқы	адыр, қия, қолқа, оба, төбе, төрткіл, шоңғал
мүсіндік		адыр, дала, жал, сай, тас	нұра, серек, шат	
Төбелер, ұсақ шоқылар	Тектоникалық		биік, дің, жартас, қара, қия, қызыл, сеңгір, сораң, төбе, шақпақ, шат, шошақ	домбақ, көктас, саяқ
	Денудациялық		адыр, бұйрат, жал, серек, жартас, керегетас, қойтас, қотырғас, шоқы, найзатас, сеңгір, сораң,	доғалаң, қойнақ, қылы, қыр, тұқыл, шат
	Эрозиялық		адыр, жар, қара, сай, шұқыр	кемер, қабақ
Таулар	Аласа таулар		адыр, арқалық, бас, бел, жар, қара, қыр, қырка, мойын, оба, тау, төбе, шоқы, шолақ	домбақ, мойнақ, нұра, сеңгір, серектас, сораң, тақыр, төрткіл, шошақ
	Орташа таулар		бел, жота, кезең, тау, саты, тас, текше, тұмсық, шоқы	қайқан, қия, қобы, ұрын, нұра, оба, ой, сандық, шошақ, шұқыр
	Биік таулар		асу, жота, кезең, керегетас, тау, төр, шақпақ, шоқы	қақпақ, қарқара, қорым, шың

Кестеде Қазақстандағы негізгі жер бедерінің 3 негізгі класы (жазықтар, төбелер мен ұсақ шоқылар, таулар) ажыратылып, олардың әрқайсысына сәйкес келетін жер бедері типтері берілді. Сонымен қатар, кестеде осы таксономиялық бірліктерге сәйкес келетін кең таралған және таралу ареалы шектеулі орографиялық терминология келтірілді. Бұл әдістемелік ұстанымның негізінде мынадай гипотеза жатыр: орографиялық терминдердің нақты жер бедеріне тән өзіндік жиынтығы болады, сонымен қатар бір терминнің өзі әртүрлі жер бедері жағдайында түрліше семантикалық мағынаға ие болуы мүмкін. Мұны бірнеше мысалдар арқылы нақты талдауға болады.

Жазық аумақтар үшін жер бедері типтері тип тармақтарына жіктеліп, көрсетілді. Аккумуляциялық жазықтар санатына жататын теңіздік-аккумуляциялық жазықтардың оронимдерін нақты талдау нәтижесінде топонимдер құрамында кең таралған орографиялық терминдер қатарына *қара, қызыл, ой, сай, сор, тау, төбе, түп, шағыл* терминдерін, ал таралу ареалы шектеулі терминдерге *дөң, жота, қыл, оба, тайпақ, шоқы, шошақ, шыңды* жатқыздық.

Алғашқы топтағы терминдер арасында құмдардың түсі («қызыл»), жер бедерінің дөңес пішіндері («қара», «тау», «төбе», «шағыл»), ойыс пішіндері («ой», «сай», «түп»), грунттың сипаты («сор») көрініс тапқан. Ал таралу ареалы шектеулі терминдер жер бедерінің бұл аумаққа тән емес пішіндеріне байланысты терминдерден, сонымен қатар, жергілікті ландшафт ерекшеліктерін көрсететін диалектілік сөздер негізінде қалыптасқан эндемик терминдерден тұрады. Осы кестедегі белгілі бір жер бедері типі үшін оронимдер құрамындағы кең таралған термин екінші бір жер бедері типі үшін таралу ареалы шектеулі болуы мүмкін. Мысалы, қатты жыныстардан құралған, сүйір пішіндерді анықтау үшін қолданылатын *шошақ* тектоникалық ұсақ шоқыларда кең таралған термин болса, эолды және теңіздік-аккумуляциялық жазықтар үшін таралу ареалы шектеулі болып табылады. Ал эолды жазықтарда кең тараған кішігірім конус тәрізді төбені белгілеу үшін қолданылатын *шоқат* терминінің аллювийлі ойпаттарда таралу ареалы шектеулі болады.

Осы айтылғандар негізінде мынадай ой түйеміз: Қазақстан оронимдері құрамындағы орографиялық терминдердің жер бедерінің таксономиялық бірліктері бойынша топонимикалық белсенділігі нақты жер бедерінің сипатымен, жергілікті халықтың диалектісімен байланысты анықталады. Осы тұрғыда біз Қазақстандағы әкімшілік облыстар бойынша орографиялық терминдер жиынтығының тізімін жасаған болатынбыз [5, 195 б].

Әкімшілік облыстар аумағындағы жер бедерінің сипатына қарай, топоним құрайтын орографиялық терминдердің өзіндік жиынтығы қалыптасады. Біз осы заңдылық негізінде негізгі аумағын ойпаттар мен жазықтар алып жатқан батыс облыстарда жер бедері пішіндерін сипаттайтын терминологияның ұқсас екендігін анықтадық. Осылайша, ойыс жер бедерін сипаттайтын *құз, ойық, шұқыр, шұңқыр* терминдері, дөңес жер бедеріне қатысты қолданылатын, Қазақстанның басқа өңірінде өте сирек кездесетін *таған, төрткіл, төс, шың* терминдері Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарында топоним түзуге қатысатыны тіркелді.

Жетісу өңірін зерттеген В.Н. Шнитниковтың әйгілі ғалым П.Полевойдың деректеріне сүйене отырып, қазақ халқының сыртқы көрінісіне қарап тау топтарына атау бергенде қайталанып келетін атаулар негізінде тау жыныстарының басым құрамын анықтауға мүмкіндік беретін ақпарат бар екендігі туралы жазғанына назар аудардық. Ғалым диабаздар мен порфириттерден түзілген, созыла орналасатын аласа қырқаларды *жал*, ал порфириттер мен туфтардан құралған, сүйір шыңды таулар тобын *шоқы* немесе *тас* деп атайтындығын атап көрсеткен [6, 95 б.]. Шындығында да, интрузиялы жыныстар таралған таулы аудандарда тау шыңдарын құрайтын қатты жыныстар экзогенді ықпалға аз ұшырайды, бұл олардың биік бөліктерінің сүйір пішінін сақтап қалуына себепші болады. Қалдық тау болса да, Сарыарқаның кристалды жыныстардан тұратын оқшау массивтерінің атауларында *тас, шоқы* терминінің жиі кездесуін де осымен түсіндіруге болады.

Қазақ халқында қатты жыныстардың барлығын, соның ішінде граниттерді де жалпы «тас» деп атайтынын ескерсек, сонымен қатар статистикалық өңдеу барысында біз тауды түзетін жыныстардың құрамында тотықтанған мыс минералдарының бар екендігін білдіретін *көктас*, гранитоидтардың жекелеген шағын үгілу пішінін анықтайтын *қойтас*, жалпақ қабырға түсіндегі *қорғантас*, тік беткейлері ұяшықты және қуысты болып келетін сүйір шыңды жалаңаш жартастар түріндегі *қотырмас*, киіз үйдің керегесі тәрізді торкөзденіп тілімделген жер бедерін *керегетас*, жыныстар құрамындағы кальциттің сілтіленуі әсерінен қалыптасатын пішіндерге қатысты қолданылатын *тесіктас* сөздерімен байланысты атауларды да осы санатқа енгізгендіктен, тас термині Орталық Қазақстан оронимдері құрамындағы ең басым термин болып табылады. Осының негізінде *тас* терминінің Қазақстандағы орографиялық нысандарды құраған жыныстар түріне жер бедері пішіндеріне қатысты семантикалық қатары құрастырылды, ол 23 бірлікті қамтыды [5, 44 б].

Қазақстандағы орташа таулы аймақтарда саты тәрізді деңгейлік айырма жасап орналасатын беткейлерге қатысты қолданылатын *текше* термині көптеген атауларға негіз болған. Қатпарлы-жақпарлы таулардағы жер бедерінің қалыптасу жағдайларымен анықталатын, денудация әсеріне төзімді гранитті жыныстардың массивтері таралған орта таулы аймақтардағы оронимдер құрамында бұл терминнің жиі кездесуі заңды құбылыс деп айтуға болады. *Тау* термині Орталық Қазақстанның ірілі-ұсақты оқшау массивтер түріндегі аласа тауларының атауларында, таулы аймақтарда көрініс тапқан.

Қазақстанның **таулы аудандарындағы** оронимдердің сәйкестігі туралы мәселе жергілікті жердегі нақты тілдік және географиялық жағдайды ескеруді қажет етеді. Осыған орай, мынадай заңдылықтарды атап өтуге болады:

1) Жер бедерінің сипаты аласа таулы, ұсақ шоқылы сипатта болатын Сарыарқада салыстырмалы түрде биік тауларды *биік* (Ақбиік, Қызылбиік), *сораң* (Ақсораң, Қызылсораң, Сораң) деп ерекшелейді. *Сораң* термині Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы тау алды пролювийлі жазықтарындағы оқшау массивтер мен биік төбелерді белгілеу үшін де қолданылады: Ақсораң (977 м), Қарасораң, (900 м), Қызылсораң (1540 м).

2) Орал тауының Қазақстанға енетін бөліктеріндегі кішігірім қалдық массивтер, қоршаған ойпаттардан ерекшеленетіндігіне байланысты, *тау* терминімен сипатталады. Мысалы, Қарғалытау (310 м), Текетау (262 м), Қызбелтау (219 м), Қоңыртау (296 м), Жыландытау (262 м). Керісінше, биік таулы аудандарда аласа, орташа биіктіктегі таулардың өзі *төбе* терминімен белгіленеді. Жетісу Алатауындағы Ақтөбе (2732 м), Іле Алатауындағы Майтөбе (2566 м), Суықтөбе (3267 м) осы тектес атауларға жатқызуға болады.

3) Оронимдердегі түсті білдіретін атаулар көп жағдайда шындығында да тауды құрайтын тау

жыныстарының түсімен тікелей байланысты болады. Өзбекстандық зерттеуші Ш.С. Камолитдиннің зерттеулері бойынша, Орта Азия мен Қазақстандағы түспен байланысты атаулар тарихи топонимияның ең көне қабаттарының қатарына жатады.

Ақшоқы – Шығыс Қазақстан облысындағы тау аты, таудың абсолютті биіктігі 1055 м-ге жетеді. П.П. Семенов атаудың шығу тегін былайша түсіндіреді: “таудың бұл атты алу себебі ұзақ уақыт қар басып жататындығына байланысты” [7, 39 б.]. Кейде бұл атаудың этимологиясын “шөпке бай шоқы” деп түсіндіру де кездеседі. Осы ретте Ақшоқы тауының маңында түске байланысты атаулардың (Ақтас, Ақшәулі, Ақүбек, Ақши, Сарышоқы, Қаражал) көп шоғырланғандығын ескеру қажет деп есептейміз. Сондықтан орографиялық элементтерді жіктеуде осы өңір үшін басты белгі объектілердің түсі (жыныстарының, қардың т.б.) болған деп қорытындылаймыз.

Көкшетау – іргелес орналасқан денудациялық жазықтардан күрт көтерілетін, беткейлері тік, гранитті массив. Көршілес жазықтармен биіктік айырмасы (амплитуда) 500 м-ге жетеді. Таудың осы сипатының ерекше әсер қалдыратынын 1813 ж осы өңірде болған Ф.Назаровтың мына сөздері дәлелдей түседі: “... оң жағымыздан 3 күндік жерден көгілдір тартып сұмдық биіктіктегі Көкшетау тауы көрінеді, тау төбелерін бұлт басып тұр” [8, 22 б.]. Бұл деректер тау атының шындығында да түспен байланысты екендігін куаттайды.

4) Зерттеу барысында анықталған тағы бір заңдылық – оронимдер құрамында түсті білдіретін анықтауыштардың кей жағдайда термин дәрежесінде немесе жалқы есім мәртебесінде қолданылатындығы. Бұл құбылыс белгілі лингвист Н.В. Подольская шығыс славяндық топонимдерді зерттеу барысында анықтап, *компози́та* (құралу) деп атаған, бірнеше негізден қалыптасатын күрделі топонимнің құралуы сияқты болады. Осы ретте біз «қызыл» сөзіне қатысты Шығыс Қазақстан облысындағы оронимдерге талдау жасаған болатынбыз. Бір ерекшелігі, бұл өңірдегі кейбір оронимдер құрамындағы *қызыл* түсті емес, «төбе», «тау» мағынасында семантикалық ығысуға ұшырағаны анықталды.

Бастапқыда тау жыныстарының түсіне байланысты бұл географиялық нысандар атрибутивті үлгідегі топоним құралу заңдылығына сәйкес, номинатив қызметін атқаратын анықтауыш пен зат есімнің (географиялық аппелятив) байланысуынан қалыптасқан Қызылтау, Қызылтөбе деп аталуы мүмкін. Кейіннен қоршаған ортадағы осы тектес басқа географиялық нысандардан айырмашылық жасайтын доминантты белгі болып табылатын түс атауы (қызыл) аталған таудың жалқы есіміне айналған деп топшылауымызға әбден негіз бар.

Біртіндеп бір Қызылды екіншісінен айыру, даралау мақсатында анықтауыштар немесе меншік сипатын білдіретін антропонимдер қосарласа бастаған. Оронимдерді сәйкестендіруде бұл құбылысқа назар аудару аса маңызды. Өйткені түсті білдіретін тағы бірқатар анықтауыштар термин сөздерге балама ретінде кеңінен қолданылып жүр. Кей жағдайда *қара* сөзінің жер бедерін білдіретін термин тәрізді басқа бір анықтауышпен қосылуы нәтижесінде топоним түзілетіні де анықталды. Ғ.Қоңқашбаев күрделі географиялық атау құрамында соңында тұратын *қара* термин ретінде шоқы немесе басқа да салыстырмалы түрде ірі төбелерді білдіретінін жазады, әдетте олар қара түсті ашылымдары бар қатты жыныстардан құралады [9]. Мысалы, Берікқара Орталық және Шығыс Қазақстанда жиі кездесетін ороним болып табылады. Мұндағы *берік* тауды немесе төбені құрайтын геологиялық жыныстардың литологиялық құрамына қатысты қолданылатын анықтауыш қызметін атқарады.

Осы күнге дейін түркі халықтарының топонимикасында ирандық *гара* сөзімен байланыстырылып, даулы мәселе тудыратын *қара* анықтауышының географиялық апелляцияға айналуы, Орталық Қазақстандағы оронимдер құрамындағы *сары* (Жалпақсары, шоқылар; Жамансары, тау, шоқы; Үшсары, тау), *қоңыр* (Жуанқоңыр, тау; Қоңыр, тау; Шөлқоңыр, тау) анықтауыштарының орографиялық термин сипатына семантикалық ығысулары осы құбылыстың объективті сипатын айқындауға негіз бола алады деп есептейміз. Осы ретте Қазақстанның аласа таулы бөліктерінде және тауалды жазықтарында *қара* анықтауыш емес, биік жер бедерімен ерекшеленетін барлық нысандарға қатысты айтылатын *төбе* терминінің баламасына айналғанын атап өтуімізге болады. Алматы облысындағы Желдіқара (1357 м), Үшқара (608 м), Шығыс Қазақстан облысындағы Желдіқара (1804 м), Майлықара (574 м) оронимдері осының дәлелі бола алады.

Орташа және биік таулардың шырлары “тас”, “шоқы” сияқты терминдермен белгіленеді. Мұны біз қазақ халқының диабаз, порфириттерден түзілген созылыңқы пішіндегі аласа қырқаларды *жал*, ал порфириттер мен туфтардан құралған, сүйір шынды тауларды *шоқы* немесе *тас* деп атайтындығымен түсіндіреміз [6, 95 б.]. Біз зерттеген орташа таулы аудандарда географиялық номинацияның бұл

зандылықтан басқа да ерекшеліктерін нақты атаулар негізінде анықтадық. Оронимдердің идентификациясында олардың негізін құрайтын географиялық апеллативтерге талдау жасаудың маңызы өте зор.

Оронимдерде ең жиі кездесетін термин - *тау*. Қазақ оронимдерінің ерекшелігі ретінде осы терминнің қысқармай, атаулар құрамында тұрақты сақталатынын және көбінесе апеллативке қатысты алғанда, постпозицияда тұратынын айтуға болады. *Тау* терминінің негізінде қалыптасқан оронимдердің лексикалық-семантикалық топтамасы осы тұрғыдан жасалынды, топтамалық кестеге Алматы, Жамбыл, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарындағы 80-нен астам ороним енгізілді (Кесте 2).

Кесте 2 – Қазақстандағы “тау” термині негізіндегі ороним топтары

Семантикалық топтар	Оронимдер
Жер бедері мен пішіні	Айыртау, Бежінтау, Бестау, Биіктау, Бүгілтау, Домбыралытау, Дөңгелектау, Жалтау, Жатықтау, Жуантау, Марқатау, Мұқыртау, Найзатау, Өркешқыртау, Сүмбетау, Текшетау, Ұзынтау, Шаңырақтау, Шолақтау
Орналасуы және саны	Аралтау, Балақтау, Бастау, Басұлытау, Бестау, Бөлектау, Егізтау, Екітау, Жантау, Көптау, Қисықтау, Қотантау, Мұрынтау, Ортау, Ортасынтау, Сиректау, Іргетау
Жыныстардың түсі мен ерекшеліктері	Айтау, Ақтау, Ақшатау, Алатау, Бассарытау, Борлытау, Бұжыртау, Көктау, Қаратау, Қарашатау, Қоңыртау, Қотыртау, Құмбелтау, Қызылтау, Обалытау, Лайлытау, Сарытау, Сортау, Тастау, Шакпақтау, Шарықтау
Климаты және су нысандары	Арасантау, Белсутау, Бұлақтау, Желтау, Жылытау, Мұзқантау, Мұнартау, Сусызтау, Суықтау
Органикалық дүниесі	Арқарлытау, Ешкілітау, Жылантау, Қарлығаштау, Құлантау, Түлкілітау, Тышқантау, Шұбартау
Шаруашылық маңызы	Асутау, Белгілітау, Жауыртау, Жындытау, Күздіктау, Өгізтау, Өртенітау, Таптатау

Тау аттарында жер бедер пішіні, биіктігі, оны құрайтын тау жыныстарының түсі, органикалық дүниесі, пайдалы қазбалары, климаттық көрсеткіштері анықтаушы сөздер ретінде терминге қосарланады. Топтамаға енген таулардың географиялық сипаттамасының әркелкілігі оронимдер құрамындағы анықтауыштардан айқын көрінеді.

Орографиялық терминдер қатарында семантикалық ығысуларға ұшырайтын терминнің бірі ретінде *шат* терминін атауға болады. Ғ.Қоңқашбаев бұл терминге «тік беткейлі және көптеген тар жартасты шатқалдары бар, салыстырмалы түрде кішігірім, тілімделген тасты бұйрат» ретінде анықтама берген [10]. Осы мағынасындағы «шат» біздің байқауымызша, денудациялық жазықтар мен ұсақ шоқылардың тектоникалық тобындағы орографиялық бірліктердің атауында кездеседі. Ақмола облысындағы Кіші Шат және Үлкен Шат, Қарағанды облысындағы Жаманшат, Қарашат, Шат атауларын, Павлодар облысындағы Қарашат, Шат, Солтүстік Қазақстандағы Қарашат, Шығыс Қазақстан облысындағы Майлышат, Мұзшат, Шат атауларының құрамындағы *шат* Ғ.Қоңқашбаев анықтаған мағынасында қолданылған деуге болады.

Осы терминнің мағыналық жүктемесін зерттеу барысында, оның диалект ретінде белгілі бір аудандарда топоним құраушы қызмет атқаратынын анықтадық. Қазақ диалектологиясын зерттеуші белгілі ғалымдар Ғ.Қалиев пен Ш.Сарыбаевтың мәліметтері бойынша, *шат* термині Шығыс Қазақстан облысындағы Үржар ауданында «тау ішіндегі терең сай» мағынасында қолданылады [4, 67 б.]. Мұнда термин жер бедерінің ойыс пішініне қатысты қолданылған.

Дегенмен, топонимдер құрамындағы *шат* терминінің ойыс жер бедеріне қатысты қолданылуын анықтау барысында бұл терминнің таралу ареалы Үржар ауданымен шектелмейтінін байқадық. Оған дәлел ретінде гидронимдерді, дәлірек айтсақ, өзен атауларын мысалға келтіреміз. Өзендер жер бедерінің ойыс пішіндерімен байланысты болғандықтан, Ақмола облысындағы Шат, Солтүстік Қазақстан облысындағы Қарашат, Шат, Шығыс Қазақстан облысындағы Қарашат, Қарашатбұлақ, Майлышат, Майшат, Шат, Шатсу потамонимдері екінші мағынасындағы *шат* терминімен байланысты деп есептейміз.

Сонымен, оронимдердің сәйкестігі ең алдымен оның негізінде жатқан орографиялық терминдер арқылы анықталады. Бұл терминдердің мағыналық жүктемесі нақты жер бедеріне, ландшафт жағдайына тәуелді. Сол себепті оронимдерді талдағанда олардың геоморфологиядағы таксономиялық бірліктерге сәйкес келуін міндетті түрде анықтау қажет. Бұл жергілікті жерде өте көп нақты деректерді жинақтап, талдауды қажет ететін күрделі жұмыс болып табылады. Сонымен қатар, оронимдердің кеңістіктік таралу заңдылықтарын қарастырудың да маңызы зор.

1. Алаев Э.Б. Социально-экономическая география. Понятийно-терминологический словарь. – М.: Мысль, 1983. – 350 с.
2. Искаков Н.А., Медеу А.Р. Казахстан: Природа. Экономика. Экология. – Алматы, 2007. – 216 с.
3. Керимбаев Е.А. Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1988. – 24 с.
4. Қалиев Ф., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 200 б.
5. Каймулдинова К.Д. Қазақстанның аридті аумақтарының топонимиясы: монография. – Алматы: «Te-Color» баспасы, 2010. – 280 б.
6. Джетысу (Семиречье). Естественно-историч. описание края / Под ред. Шнитникова В.Н. – Ташкент: Узбгосиздат, 1925. – 235 с.
7. Семенов П.П. Географическо-статистический словарь Российской империи. – СПб., 1863. – Т. 1. - 716 с.
8. Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. – М., 1968. – 76 с.
9. Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата: АН Каз. ССР, 1963. – 185 с.
10. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины //Изв. АН Каз. ССР, серия географическая. – 1951. - Вып. 3, №99. – С. 3-47.

Резюме

В статье анализируются проблемы идентификации казахских оронимов. Определено, что смысловое значение некоторых орографических терминов зависит от конкретных геоморфологических и ландшафтных условий. Исходя из этого, при анализе семантики оронимов следует изучить соответствие орографической терминологии к таксономическим единицам геоморфологической классификации.

Summary

The article below has analyzed some problems of the Kazakh orographical names (oronames). For nowadays it has already been defined that the meaning of some orographical terms has substantial connection with the geography of the region depends to its geomorphological and landscape conditions. Therefore, according to these facts it is necessary to compare and confirm the taksonomic patterns to the orographical terminology when it deals with geomorphologic classifications .

ӘОЖ 911.3: 339.92(574)

ПОСТКЕҢЕСТІК КЕҢІСТІКТЕГІ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ДАМУЫ

К.Д. Каймулдинова – г.ғ.д., профессор м.а, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Н.Е. Усенов – магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ

XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап өріс алған ғылыми-техникалық революция біртіндеп ғаламдық ғылыми-ақпараттық революцияға жол берді. Ғалымдар «постиндустриялық кезең» деп атаған осы кезеңде әлем экономикалық интеграцияның ең жоғарғы сатысы болып есептелетін экономикалық жаһандануға қадам басты.

Ғаламдық бәсекелестік ортасы күштілер ғана жеңіп шығатын ортаға айналуға. Осы жағдайда бір-бірімен ынтымақтастық келісімдерге келген мемлекеттердің интеграциялық ұйымдар бірігуі олардың ғаламдық «соққыларға» төтеп беруіне мүмкіндік береді [1].

Экономикалық интеграция (латынша *integratio* – «тұтас») деп микро- және макродеңгейлердегі тұрақты экономикалық байланыстар негізінде елдердің ұлттық экономикаларының өзара тығыз кірігуін, біртұтас шаруашылық кешеніне бірігуін атайды [2]. *Микродеңгейде* әртүрлі елдердің жекелеген бірлестіктері мен компаниялары тікелей шаруашылық байланыстар жасау арқылы елдердің ұлттық шаруашылықтарының нақты интеграциялануына жол ашады. Мұндайда әсіресе ұлтаралық бірлестіктердің маңызы зор. *Макродеңгейде* мемлекетаралық (үкіметаралық) келісімдер деңгейінде елдердің экономикалық және саяси дамуының жалпы стратегиясы жасалады. Ол тауарлар мен қызмет түрлері, қаржы, жұмыс күші қозғалыстарының жалпы ережелеріне негізделеді. Нақты интеграция біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастырудың нарықтық тетіктерін мемлекеттің жоспарлы (бағытталған) әрекеттерімен ұштастыру нәтижесінде мүмкін болады.

Интеграциялық процестер ең алдымен бір аймақта орналасқан елдерді қамтиды. Елдердің экономикалық ынтымақтасуы аймақтық экономикалық одақтардың пайда болуына, яғни дүниежүзілік шаруашылықтың аймақтануына алып келеді. Дегенмен, елдердің ынтымақтасуына тек география-

лық орны ғана ықпал етпейді, олардың шаруашылық, тарихи, мәдени-әлеуметтік, ұлттық және т.б. ұқсастықтары да маңызды орын алады. Осылардың негізінде елдердің интеграциялануына ықпал ететін факторларды (алғышарттарды) ғалымдар 4 топқа бөліп қарастырады [3].

Интеграциялануға *басты алғышарт* ретінде елдердің экономикалық даму деңгейлерінің шамамен бірдей болуын, шаруашылық тетіктерінің сәйкестігі, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық тұрғыдан біртекті болуын атауға болады. Интеграцияланатын елдердің негізгі макроэкономикалық бір-бірінен үлкен алшақтық жасамауы керек. Көршілес елдердің ұлттық экономикаларының өзара бірін-бірі толықтыруы маңызы жағынан интеграцияланудың *екінші алғышарты* болып табылады. Бұл ең алдымен ынтымақтасатын елдердің экспорт құрылымының әртүрлілігінен көрінеді. Бірдей тауар өндіріп, нарыққа шығаратын елдердің интеграциялануы белгілі бір салаларды ғана қамтып, біржақты сипат алады.

Нағыз интеграциялануға негіз болатын *үшінші алғышарт* ретінде мемлекеттік деңгейде интеграциялануды жоспарлап, жүзеге асыратын мемлекет басшыларының саяси ерік-жігерінің болуын атауға болады. Елдердің экономикалық интеграциялануы қоғамдық, әлеуметтік өмірдің барлық салаларын қамтиды. Сондықтан ынтымақтасатын елдер саяси тұрғыдан бейтарап немесе одақтас елдер болуы шарт.

Интеграцияланудың *төртінші алғышарты* ретінде тиімді ынтымақтастықтың басқа елдердің осы одақтарға тартылуына түрткі болуын атауға болады.

Канадалық ғалым Дж.Мид экономикалық интеграция нәтижесінде болатын статикалық және динамикалық өзгерістерді анықтаған болатын [4]. Елдің интеграциялық одаққа енуінен кейін болатын *статикалық өзгерістер* қатарына аймақшілік сауда қатынастарының жандануын, осының есебінен үшінші елдермен тікелей сауда операцияларының күрт қысқаруын атауға болады.

Интеграциялану барысында байқалатын *динамикалық өзгерістер* ретінде мыналарды атап өтуге болады: интеграциялық ұйымға мүше елдердің инфрақұрылымының дамуы; ел нарығының бұрынғымен салыстырғанда кеңеюі арқасында өндіріс көлемінің арттырылуы, осыған байланысты өнімді өндіру құнының төмендеуі; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жандануы және бірлескен түрде ғылымға негізделген салаларды дамытудың тиімділігінің артуы; экономикалық ынтымақтастық шеңберінде ауқымды әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру; интеграциялық одақ шеңберінде, әсіресе бұрын дамуы төмен болған елдерде тұрғын халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауы.

Ғалымдар интеграцияның негізгі бес формасын (кезеңін) бөліп көрсеткен [3].


1. Еркін сауда зонасы.
2. Кедендік одақ
3. Ортақ нарық
4. Экономикалық және валюталық одақ
5. Саяси одақтар.

Елдердің интеграциясының жоғарыда аталған формалары шын мәнінде дәл сондай нақты емес, өйткені олардың кейбіреулері аралас түрде болады. Сол себепті тек басты белгілері бойынша ғана интеграция түрлерін ажыратып, көрсетуге болады. Сонымен, аймақтық экономикалық интеграция бір жағынан жаһандануға алғышарт болып, ықпал ететін фактор болып табылады, ал *екінші жағынан* ынтымақтасқан елдер үшін айрықша жеңілдетілген жағдайлар жасау арқылы жаһанданудың кең қанат жаюына кедергі келтіреді [5].

Әлемдік нарықта бәсекелестіктің күшеюі де аумақтары көршілес елдердің экономикалық интеграциясына түрткі болады. КСРО ыдырағаннан кейін оның негізінде бұрынғы кеңестік республикалардың бірнеше интеграциялық одақтары құрылды. Олардың ішіндегі ең ірісі *Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы* (ТМД) болып табылады. ТМД 1991 жылы 8 желтоқсанда Минск Келісімі негізінде біріккен Ресей Федерациясы, Беларусь және Украина, кейінірек оларға қосылған 8 республиканың (Армения, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан) өзара келісімдері нәтижесінде интеграциялық одақ ретінде пайда болды. 1993 жылы Грузия да осы ұйымға кіріп, 2009 жылы өз еркімен қайтадан шықты.

ТМД-ның ұйымдық құрылымына мемлекет басшыларының Кеңесі, үкімет басшыларының Кеңесі, ТМД Парламентаралық ассамблеясы, Достастықтың Атқарушы хатшылығы, Сыртқы істер министрлігінің Кеңесі, ТМД мемлекеттері қорғаныс министрлерінің Кеңесі, салалық ынтымақтастық органдары енеді.

1993 жылы қабылданған Экономикалық одақты құру туралы Келісімшартқа сәйкес, ТМД-ның басты экономикалық мақсаты тауарлардың, қаржы мен жұмыс күшінің ортақ нарығын қалыптастыру болып табылады [6]. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін біртіндеп еркін сауда аймағын, кедендік, төлемдік, ал болашақта валюталық одақты қалыптастыру жоспарланған. Дегенмен іс жүзінде бұл мақсаттарға жетуге үлкен кедергілер тап келді. Елдер саяси тұрғыдан да, экономикалық жағынан да жаңа нарықтық негізде интеграциялануға дайын емес болып шықты. ТМД шеңберіндегі интеграциялануға кері әсер ететін факторлар 1-суретте берілді.



1-сурет. ТМД аумағындағы интеграцияға кері әсер ететін факторлар [2]

ТМД аумағында басқаруға неғұрлым қолайлы, нақты әс-қимылдар жасауға мүмкіндік беретін интеграциялық топтар құрылған. Олардың еі бастысы – *Еуразиялық экономикалық қауымдастық* (ЕурАзЭҚ). ЕурАзЭҚ-ты құру жөніндегі Келісімшартқа мемлекеттер 2000 жылдың 10 қазанында Астана қаласында қол қойған болатын [7]. Оның құрамына Ресей Федерациясы, Қазақстан, Беларусь (1995 жыл), Қырғызстан (1996 жыл), Тәжікстан (1999 жыл) енген. Сонымен қатар, бақылаушылар ретінде оның жұмысына Украина, Молдова (2002 жыл) және Армения (2003 жыл) қатынасады. ЕурАзЭҚ құрамына 2006 жылы енген Өзбекстан 2008 жылы бұл ұйымның жұмысына қатысуын тоқтатты.

ЕурАзЭҚ – Біртұтас экономикалық кеңістік пен Кедендік одақты қалыптастыруға, мүше-елдер экономикалық және гуманитарлық салаларда интеграциялануын қамтамасыз етуге бағытталған аймақтық интеграциялық ұйым. 2003 жылы ЕурАзЭҚ БҰҰ Бас ассамблеясындағы бақылаушы мәртебесін алды.

Қазақстан Республикасы ЕурАзЭҚ ұйымын қалыптастыруға белсенді түрде үлес қосуда. Бұл ұйымның негізгі мақсаты жалпы түрде біртұтас экономикалық кеңістік құру арқылы мүше-елдердің экономикалық әлеуеттерін барынша тиімді пайдалану арқылы ілгерілеп дамуын, әлемдік экономикаға кірігуін, халықтың өмір сүру деңгейін көтеруді қамтамасыз ету деуге болады.

Интеграцияны тереңдету мақсатында 2007-2010 жылдар аралығында Ресей Федерациясы, Қазақстан және Беларусь *Кедендік одақ* құрды [8]. Ресей Федерациясы, Қазақстан және Беларусь 2007 жылы 6 қазанда *Кедендік одақ* комиссиясын құру туралы Келісімге қол қойды. Кедендік одақты қалыптастыру үш мемлекеттің аумағында кеден салықтары мен экономикалық шектеулер қолданылмайтын біртұтас кедендік аумақ жасауды көздейді. Кедендік одақ шеңберінде бірыңғай кедендік тариф және үшінші елдермен тауар саудасын реттеудің ортақ шаралары жүзеге асырылады. 2009 жылы Кедендік одақ комиссиясы келісімдік-құқықтық базасын қалыптастыратын маңызды құқықтық құжаттарды (Кедендік кодекс, Бірыңғай кедендік тариф, Кедендік одақ Сотының Статуты) қабылдады.

Қазіргі кезеңде аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі

болып табылады. Осыған сәйкес, құрамына Қазақстан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан мен Өзбекстан кіретін *Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы* (ҰҚШҰ) аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Ұйымның жоғарғы органы – Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі (ҰҚК). Кеңес құрамына мүше мемлекеттердің басшылары кіреді. Ұйымның тұрақты әрекет ететін жұмыс органы ҰҚШҰ Біріккен штабы болып табылады. Ол 2004 жылдан бастап жұмыс істейді.

ҰҚШҰ қызметінің маңызды бағыттарының бірі – халықаралық лаңкестікке, экстремизмге және оларға тән қылмыстарға: қару-жарақ пен есірткі контрабандасына, ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз көші-қон әрекеттеріне қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық. Екінші бір бағыт – ядролық таратпау халықаралық режимін күшейту жұмысы. Үшінші бағыт ҰҚШҰ-ның бітімгершілік әлеуетін қалыптастыру болып табылады. Қазіргі кезде ҰҚШҰ қызметінің тиімділігі артып, қазіргі заманғы геосаяси және әскери-саяси жағдайға бейімделген, бекітілген келісімдерді іске асыру бағыттары айқындалған.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы посткеңестік кеңістіктің басым бөлігі мен оған көршілес алып мемлекет Қытаймен арадағы геосаяси және геоэкономикалық тұрғыдағы келіссөздер негізінде халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған ұйым ретінде қалыптасты [9]. 2001 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей мен Тәжікстан басшылары шекаралас аудандарда әскери саладағы сенім шараларын нығайту туралы және әскери күштерді өзара қысқарту туралы келісімдер негізінде *Шанхай ынтымақтастық ұйымы* (ШЫҰ) құрды. 2002 жылғы 7 шілдеде ШЫҰ Хартиясы қабылданды. Мұнда ұйымның негізгі мақсаты өзара сенім, достық пен тату көршілікті нығайту; саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, білім беру, энергетикалық, көлік, экологиялық және басқа салалардағы ынтымақтастықты қолдау екендігі жазылған. Қазіргі кезде ШЫҰ-на Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан мен Өзбекстан мүше болып табылады.

Эритроцит мембраналарының өткізгіштігі (ЭМӨ) Колмаков В.Н., Радченко В.Г. әдісі бойынша анықталды.

Бұл әдіс мочевина мен натрий хлориді ерітінділеріндегі гемолизіне негізделген. Мочевина эритроцит ішінде гиперосмостық концентрация туғызып, эритроциттердің ісінуінің нәтижесінде гемолизге ұшыратып, клетка мембранасынан шығуын туғызады. Эритроциттердің суспензиясын мочевина (18 г/л) мен натрий хлоридінің (0,9 г/100 мл) әртүрлі қатынасындағы (65:35; 60:40; 55:45; 50:50; 45:55; 40:60) ерітіндісіне қосамыз. Эритроциттердің толық гемолизі Na₂CO₃-тің 0,1г/100мл концентрациялы ерітіндісінде туғызылды. Кейіннен алынған үлгілер 3 мин инкубацияланып, 10 мин 1000 г центрифугада айналдырылды. Тұнбаның бетінен алынған ерітіндінің оптикалық тығыздығы 540 нм толқын ұзындығында тіркелді. Na₂CO₃-тің 0,1г/100мл концентрациялы ерітіндісіндегі эритроциттердің толық гемолизі 100% болып есептеліп, эритроциттер гемолизінің деңгейі пайыздық қатынаста анықталды.

Эритроциттердің асқын тотықтық гемолизі (ЭАТГ) бұрыннан белгілі Покровский мен Абрарованың әдісін өзіміздің лабораторияда өндеп, жетілдіру барысында анықталды. Эритроциттер 5 есе сұйылтылып, 37°C температурада 2 сағат термостатта қыздырылып, 10 мин 1000г жылдамдықта центрифугада айналдырылды. Сапониннің 0,1г/100мл концентрациялы ерітіндісіндегі эритроциттердің толық гемолиз деңгейін 100%-ға бағалап, сутегі асқын тотығының 1М ерітіндісі қолданылып, қанның қызыл клеткасының асқын тотықтық гемолиз деңгейі пайыздық қатынаста есептелінді. Оптикалық тығыздығы 540нм толқын ұзындығында тіркелініп, эритроциттердің асқын тотықтық гемолиз деңгейі төмендегі формула бойынша анықталды:

$$A = \varepsilon \cdot 100 \\ TT$$

ε – тәжірибе үлгісінің экстинкциясы, TT – толық гемолиз кезіндегі тәжірибе экстинкциясы.

Эритроциттердің каталаза белсенділігі. Эритроцит мембраналары мен егеуқұйрықтардың ішкі органдары мембраналары микросомаларының каталаза белсенділігі белгілі әдіспен анықталды. Эритроциттер суспензиясына 1 мМ сутегі асқын тотығының ерітіндісі қосылды. Үлгілер 10 минут ұсталынып, 1мл 4%-дық аммоний молибдаты қосылды. Ерітіндінің оптикалық тығыздығы 410 нм толқын ұзындығында тіркелді. Каталаза белсенділігі сутегі асқын тотығымен бүлінген саны бойынша пайыздық қатынаста есептелінді.

Алынған нәтижелердің статистикалық өңделуі. Алынған нәтижелердің статистикалық мәліметтері Microsoft Excel бағдарламасымен өңделді. Фишер-Стьюденттің критерийі ескерілді, параметрлер сенімділігі $p \leq 0,05$.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛҚЫЛАУ

Клетка мембранасының күйіне сынап хлоридінің әсерін зерттеу үшін біз, эритроциттердің осмостық гемолизін, мембрана өткізгіштігін, асқын тотығуын, каталаза белсенділігімен қатар органдардың мембраналары микросомаларындағы ЛАТ деңгейіне токсиканттың концентрацияларын *in vitro* жағдайында қарастырдық және тәжірибеге үш айлық ересек егеуқұйрықтар пайдаланылды.


Жүргізілген тәжірибелерде эритроциттердің осмостық тұрақтылығына сынап хлоридінің әртүрлі концентрацияларының әсері зерттелді. Эритроциттердің осмостық төзімділігі осмостық гемолиз шамасы бойынша айқындалды. Na₂CO₃-тің 0,1 г/100мл концентрациялы ерітіндісіндегі гемолиз деңгейі 100%-ға есептелініп, NaCl-нің 0,35-0,9г/100мл ерітінділеріндегі эритроциттердің осмостық төзімділігі қарастырылды.

1-суретте сынап хлоридінің эритроциттердің осмостық төзімділігіне әсерін зерттеу нәтижелері бойынша NaCl 0,5 г/100мл ерітіндісінде токсиканттың концентрациясы 1-100 мкг-ға дейін артқан сайын эритроциттер гемолизінің жүру қарқыны айқын байқалды. Hg²⁺ (1-10 мкг/мл) төменгі концентрацияларында гемолиз деңгейі баяу жоғарылап, гемолизге ұшыраған клеткалар саны бақылау

тобына жақын болды. Сынап концентрациясы 20 мкг/мл жеткенде эритроциттерден гемоглобиннің босап шығуы 40%, ал сынаптың 100 мкл концентрациясында гемолиз деңгейі ең жоғарғы көрсеткішті көрсетіп, $88,84 \pm 1,5\%$ ($p \leq 0,005$) құрады.

Сынаптың зақымдаушы әсерінен туындаған гемолиз деңгейлерін өзара салыстырғанда, токсикант әсерінен эритроциттердің осмостық гемолизінің жүруі сынаптың барлық концентрацияларында анықталды.

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, сынап иондарының барлық концентрацияларында да егеуқұйрықтар эритроциттерінің гемолиз деңгейі жоғары болатындығы байқалды.




Абсцисс өсі: сынап хлоридінің концентрациясы, мкг; ординат өсі: гемолиз деңгейі, %.

1-сурет – Эритроциттердің осмостық гемолизіне әр түрлі концентрациялы сынап хлоридінің *in vitro* жағдайындағы әсері (NaCl 0,5г/100мл ерітіндісі)

Келесі тәжірибеде аталған улы металдың эритроциттердің мембрана өткізгіштігіне әсері зерттелді.(2-сурет) Суретте көрсетілгендей, сынап иондарының 1-100мкг концентрациялары аралығында эритроциттердің гемолиз деңгейі жоғарылады. Біздің тәжірибелерде мочеви́на/NaCl соған сәйкес 45/55 ара қатынасындағы ерітінді ең қолайлы болды. Эритроцит мембраналарының өткізгіштігі сынаптың төменгі концентрацияларында көп байқалмады. Ал, Hg^{2+} үлкен концентрацияларында (20-100мкг) эритроциттердің мембрана өткізгіштігі артты.

Эритроциттер мембранасының өткізгіштігін зерттеу нәтижелері тәжірибелік топ эритроциттерінен гемоглобиннің босап шығуы токсиканттардың зақымдау әсерінен болатындығын көрсетті.




Абсцисс өсі: сынап хлоридінің концентрациясы, мкг; ординат өсі: гемолиз деңгейі, %.

2-сурет – Эритроциттердің мембрана өткізгіштігіне әр түрлі концентрациялардағы сынап хлоридінің *in vitro* жағдайындағы әсері (мочеви́на/NaCl 45/55)

Эритроциттер гемолизінің жүруіне мембрана липидтерінің асқын тотығуы ықпал жасайтындығы жөнінде мәліметтер бар. Осы дерекке сүйене отырып, тәжірибе жұмысымыздың келесі сатысында сынап концентрациясының артуымен жануарлар эритроциттерінің асқын тотығу төзімділігін анықтаудағы зерттеу көрсеткіштері 3-суретте көрсетілген. Бұл тәжірибе нәтижелері де сынап хлоридімен уландырылған жануарлар эритроциттерінің гемолиз деңгейі Hg^{2+} концентрациясы жоғарылаған (1-20 мкг/мл) сайын эритроциттер гемолизі деңгейінің (сынаптың 1 мкл ерітіндісінде

гемолиз деңгейі – 52,54%-ға, 5 мкл – 61,98%-ға, 10 мкл – 68,94%-ға, 20 мкл– 72,42%, $p \leq 0,01$) арта түсетіндігін көрсетті.




Абсцисс өсі: сынап хлоридінің концентрациялары, мкг; ординат өсі: гемолиз деңгейі, %.

3- сурет – Эритроциттердің асқын тотығу гемолизіне сынап хлоридінің *in vitro* жағдайындағы әсері

Сутегі асқын тотығы оттегінің белсенді формасына жатады және ол каталаза ферментімен бұлінеді. Каталаза адам мен жануарлар организмінде өте кең тараған фермент. Оның көп мөлшері бауыр, бүйрек және эритроциттерде табылған. Ферменттің негізгі қызметі супероксидті анионның дисмутациясы кезінде түзілген сутегі асқын тотығының жинақталуын азайтады. Каталаза өзінің жоғары белсенділігін ұзақ сақтай алатын ферменттерге жатады тіпті энергия белсенділігін аса қажет етпейді. Осыған байланысты егеуқұйрықтар эритроциттерінің каталаза белсенділігіне сынаптың әсерін зерттеу біршама қызығушылық тудырды.

Сынаптың каталаза белсенділігіне әсерін зерттеу бойынша тәжірибе нәтижелері 4-суретте көрсетілген. Каталаза белсенділігін сутегі асқын тотығының бұлінген санына байланысты бағалап, пайыздық қатынаста есептедік.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, эритроциттердің каталаза белсенділігі сынап хлоридінің 0-6 мкг/мл дейінгі концентрация аралығында артып, токсиканттың концентрациясы жоғарылаған сайын (15-60 мкг-/мл) каталаза белсенділігі төмендейтіндігін көрсетті ($p \leq 0,001$).



Абсцисс өсі: сынап хлоридінің концентрациясы, мкг; ординат өсі: каталаза белсенділігі, %.

4-сурет – Эритроциттердің каталаза белсенділігіне әр түрлі концентрациядағы Hg^{2+} *in vitro* жағдайындағы әсері

1. Ершов Ю.А., Плетенева Т.В. Механизмы токсического действия неорганических соединений, - М.: Медицина, 1989, - 272 с

2. Pablos MI, Chuang J, Reiter RJ, Ortiz GG, Daniels WM, Sewerynek E, Melchiorri D, Poeggeler B Time course of the melatonin-induced increase in glutathione peroxidase activity in chick tissues // Biol. Signals, 1995, Vol.4, № 6, - P. 325-330.

3. Curtis M.T., Gilfor D., Farber J.L. Lipid peroxidation increases the molecular order of microsomal membranes // Arch. Biochem. Biophys., 2004, Vol.235., - P.644-649.

4. Diplock A.T., Lucy J.A., Verrinder M., Zieleniewski A. *alpha-Tocopherol and the permeability to glucose and chromate of unsaturated liposomes* // *FEBS Lett.*, 1997, Vol.82, № 2, - P. 341-344.
5. Bartolucci G.B., Boffetta P., Mantovani A., Chiesara E. *Evaluation of the effects following low doses of inorganic mercury from environmental and occupational exposures* // *Med. Lav.* – 2002. – Vol. 93, № 3. – P. 290-298.
6. Soleo L., Colosio C., Alinovi R. et.al. *Immunologic effects of exposure to low levels of inorganic mercury* // *Med. Lav.* – 2002. – Vol. 93, № 3. – P. 225-232.
7. Weil M., Bressler J., Parsons P. et. al. *Blood mercury levels and neurobehavioral function* // *JAMA.* – 2005. – Vol. 293, № 15. – P. 1875-1882.
8. Покровский А.А., Абрарова А.А. *К вопросу перекисной резистентности эритроцитов* // *Вопр. Питания* .- 2001. № 16. - С.44-49.
9. Колмаков В.Н., Радченко В.Г. *Значение определения проницаемости эритроцитарных мембран (ПЭМ) в диагностике хронических заболеваний печени* // *Терапевтический архив.*-2000. Т.54, № 2.-С.59-62.
10. Чевари С., Андял Т., Штрэнгер Я. *Определение антиоксидантных параметров крови и их диагностическое значение в пожилом возрасте* // *Лабораторное дело.* -1998, №10.-С.9-13.

Резюме

В статье представлены результаты исследования влияния тяжелых металлов на организм животных. Получены зависимости гемолиза эритроцитов крови от концентрации хлорида ртути (II) Hg₂Cl₂.

Summary

The paper presents the results of investigations of the influence of heavy metals in the animal organism. The dependences of the hemolysis of red blood cells on the concentration of mercury chloride (II) Hg₂Cl₂.

БИОЛОГИЯ ЫҒЫЛЫМДАРЫ БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 631.527

ИЗУЧЕНИЕ ДИНАМИКИ СОДЕРЖАНИЯ АСКОРБИНОВОЙ КИСЛОТЫ В ПРОЦЕССЕ ХРАНЕНИЯ КЛУБНЕЙ КАРТОФЕЛЯ

И.П. Загриценко - к.б.н., доцент кафедры физиологии и биохимии растений КазНПУ им. Абая

Большое значение для жизнедеятельности всех живых организмов имеют витамины, т.к. они являются строительными блоками для ферментных систем [1]. К важнейшим витаминам относится аскорбиновая кислота. Витамин С - участник окислительно-восстановительных систем, обеспечивает нормальное протекание жизненно важных процессов в тканях, занимает доминирующее положение во внеклеточной антиоксидантной защите, является важнейшим внутри-клеточным антиоксидантом, повышает сопротивляемость организма экстремальным воздействиям, предохраняет от ненужного окисления клеточные мембраны и другие важные органоиды клетки [2, 3].

В процессе хранения содержание витаминов меняется и варьирует в зависимости от объектов. Для правильной балансировки питания необходимо знать содержание витаминов в пище [3, 4]. Одной из важнейших сельскохозяйственных культур является картофель. В клубнях картофеля содержатся белки, углеводы (крахмал - 13,1 - 36,8%, клетчатка, моно- и олигосахариды - глюкоза, фруктоза, сахароза), пектиновые вещества, витамины и минеральные соли [5]. Основным витамином является аскорбиновая кислота (10 - 54 мг %). В связи с этим изучение динамики изменения содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля в процессе хранения является весьма *актуальным*.

Целью настоящей работы явилось изучение динамики изменения содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля в процессе хранения.

Объекты и методы исследования

Объектами исследования служили клубни картофеля сорта Невский. В процессе эксперимента были выбраны 3 варианта хранения: 1) контроль ($t = +18^{\circ}\text{C}$, темнота), 2) вариант 1 ($t = +18^{\circ}\text{C} + \text{CO}_2$), 3) вариант 2 ($t = +4^{\circ}\text{C}$, холодильник).

Количественное определение аскорбиновой кислоты проводили упрощенным методом на основании реакции аскорбиновой кислоты с раствором йода в фруктовых и овощных соках [6].

Результаты и их обсуждение

Исследование динамики содержания витамина С в клубнях картофеля проводилось в период с октября по март месяц. На начало опыта (октябрь) содержание аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля составляло 13 мг/100мл, что соответствует (условно) 100%.

Данные по изучению динамики содержания аскорбиновой кислоты в процессе хранения клубней картофеля представлены в таблице.

Содержание аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля

Таблица

Вариант (условия хранения)	октябрь (контроль)	ноябрь	декабрь	январь	Февраль	Март
	мг\100 мл					
Контроль $t = +18^{\circ}\text{C}$ (темнота)	13,0±1,0	9,7±0,5	8,0±1,0	5,3±1,2	3,6±1,0	2,7±0,5
Вариант 1 $t = +18^{\circ}\text{C} + \text{CO}_2$	13,0±1,0	9,7±0,5	9,7±1,0	7,8±0,5	7,0±1,0	6,2±1,0
Вариант 2 $t = +4^{\circ}\text{C}$ (холодильник)	13,0±1,5	12,3±1,3	9,7±0,1	9,7±1,0	8,8±1,0	7,0±1,0

Данные таблицы показаны в виде диаграмм (рис. 1-7). На рисунке 1 показано изменение содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля за первый месяц хранения (ноябрь).




Рис.1 Сравнительный анализ содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля (октябрь, ноябрь)

Как видно из данных диаграммы, содержания аскорбиновой кислоты уменьшается во всех вариантах: в контроле ($t = +18^{\circ}\text{C}$) и 1 варианте ($t = +18^{\circ}\text{C} + \text{CO}_2$) падает на 25,3% , в то время как во 2 варианте ($t = +4^{\circ}\text{C}$) – только на 5,3%.

Динамика изменения аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля в декабре показано на рисунке 2.




Рис.2 Сравнительный анализ содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля (октябрь, декабрь)

Из данных диаграммы видно, что и в декабре также наблюдается тенденция к снижению аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля. В контрольном варианте содержание витамина С снизилось на 38,4%, что на 13,1%, чем снижение витамина в ноябре. В 1 и 2 вариантах количество аскорбиновой кислоты снизилось только на 25,3%. Однако в 1 варианте содержание аскорбиновой кислоты не изменилось, по сравнению с ноябрем, в то время как во 2 варианте – упало на 20% .

Определение витамина С в январе показало, что происходит дальнейшее снижение его содержания во всех вариантах (рис. 3).




Рис.3 Сравнительный анализ содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля (октябрь, январь)

Как видно из диаграммы (рис.3), происходит олее резкое снижение содержания аскорбиновой кислоты в контроле (на 59,2%), в 1 варианте (40%). В то же время как во 2 варианте содержание аскорбиновой кислоты осталось на прежнем уровне.

Данные по изменению содержания аскорбиновой кислоты за февраль показаны на диаграмме (рис.4).




Рис. 4 Сравнительный анализ содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля (октябрь, февраль)

Следует отметить, что в феврале происходит дальнейшее падение содержания аскорбиновой кислоты в контроле на 72,3%, в 1 варианте – на 46,2%, во 2 варианте – только на 32,3%. В момент завершения опыта (март) отмечено общее снижение содержания аскорбиновой кислоты в контроле на 79,2%, в 1 варианте- на 52,3%, во 2 варианте – 46.2% (рис.5).




Рис.5 Сравнительный анализ содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля (октябрь, март)

Данные по изменению содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля в процессе хранения представлены в виде графика (рис.6).




Рис.6. Изменение содержания аскорбиновой кислоты в процессе хранения клубней картофеля

Как видно из данных графика (рис.6) содержание аскорбиновой кислоты уменьшается в процессе хранения клубней картофеля. Однако, в зависимости от условий хранения, количество аскорбиновой кислоты уменьшается в разной степени. В контрольном ($+18^{\circ}\text{C}$) и 1 варианте ($+18^{\circ}\text{C}+\text{CO}_2$) в ноябре содержание аскорбиновой кислоты по сравнению с октябрем (100%) упало на 25,3% , в то время как во 2 варианте – только на 5,3%. В декабре содержание аскорбиновой кислоты в контроле уменьшилось на 38,4%, в 1 и 2 вариантах – на 25,3%. В январе наблюдается более резкое снижение количества аскорбиновой кислоты: в контроле – на 59,2%, в 1 варианте - на 40%, во 2 варианте – на 25,3%. В феврале содержание аскорбиновой кислоты в контроле упало на 72,3%, в 1 варианте – на 46,2%, во 2 варианте – на 32,3%. На момент окончания эксперимента в контрольном варианте содержание аскорбиновой кислоты составило 20,8%, в 1 вариант - 47,7%, во 2 варианте – 53,8% от содержания витамина в октябре (100%).

Таким образом, анализ изменения динамики аскорбиновой кислоты в период изучения (октябрь – март) (рис.5,6) показал, что наилучшими условиями хранения клубней картофеля является температура $+4^{\circ}\text{C}$ (вариант 2). В этом варианте отмечено плавное падение аскорбиновой кислоты от 100 до 53,8%. Следует отметить ,что во 1 варианте содержание витамина С падает также более

плавно до 47,4%, в то время как в контрольном варианте показана резкое снижение содержания аскорбиновой кислоты с декабря по март (до 20,8%). Общее падение содержания витамина С составляет в контрольном варианте 79,2%, в 1 варианте- 52,3%, во 2 варианте – 46,2%.

Из представленных результатов, лучшими условиями для сохранения аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля можно рекомендовать 2 вариант – $t=+4^{\circ}\text{C}$ (холодильник).

1. Романовский В.Е., Синькова Е.А., *Витамины и витаминотерапия. Серия «Медицина для вас». – Ростов н/д.: «Феникс», 2000, - 320 с.*

2. Кольман Я., Рем К. *Наглядная биохимия. - М.: Мир, 2000. - 469 с.*

3. Проскурина И.К. *Биохимия. - М.: Владос, 2004. - С. 33-44.*

4. Лоу К. *Все о витаминах. - М., 1995.*

5. Березовский В.М., *Химия витаминов, 2 изд., - М., 1973; Мату си с И. И., в кн.: Витамины, под ред. Смирнова М.И., - М., 1974, - с. 384-414.*

6. *Журнал «Химия для школьников» - М., 2009, № 2, - с.60-64.*

Түйін

Жұмыста картоп түйнектерінің сақтауын процесстегі аскорбин қышқылының мазмұнының динамикасы талқыланды. Сақтауды процессте түйнектердегі аскорбин қышқылының мазмұнының төмендетуі үнемі жүретінін көрсетілген. Сақтауды шарттардың өзгеруі дегенмен ықпал тигізе алады зерттелетін үлгілерде витаминнің мазмұныды.

Summary

In this paper we studied the dynamics of the ascorbic acid content during storage of potato tubers. It is shown that during storage is continually reducing the amount of ascorbic acid in the tubers. However, the change in storage conditions may affect the vitamin C content in the samples.

ОӘЖ 635.21.:632.38

ТАТЫМДЫ ХОШ ИІСТІ ӨСІМДІКТЕР

Т.А. Ашимов – *а.ш.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-ң профессоры,*

Г.Қ. Тоқтарбекова – *Абай атындағы ҚазҰПУ-ң оқытушысы*

Ертеде медицина дамымаған кездің өзінде өсімдіктерді ем ретінде пайдаланғанын ескі қолжазбалардан байқауға болады. Ал қазір өсімдіктердің химиялық құрамын зерттеу арқылы профилактикалық дәру, емдік профилактика (диетикалық қасиеттері негізінде) ретінде, әртүрлі ауруларға ем ретінде, сондай-ақ ерекше емдеу арқылы терапиялық әсерін күшейту үшін пайдалануға жол ашады.

Халық медицинасында кең қолданылатын көкөністер: капуста, помидор, қызылша және де салат, артишок, басқа да түрлі шөптер бар. Оларды өсіру агротехникасы мен тәсілдерін, сондай-ақ оларды жинау, кептіру, сақтау, емдеу қасиеттері жайлы бірі білсе, бірі біле бермейді. Бірақ олардың дәмі мен хош иісін барша жұрт біледі. Маңызын білсек те әр өсімдіктің емдік қасиетін ескере бермейміз. Осы ретте «Мың теңге тұратын дәрі дәл шарбағынның түбінде өсіп тұр», - деген халық даналығы еске түседі. Олардың тек тағамдық маңызынан бөлек емдік қасиетін пайдалану мақсатында, татымды хош иісті өсімдіктердің шипалық сырына тоқталайық.

Татымда көк біздің дастарханымызға ерте көктемде организмге көктемгі дәм беруші ретінде келіп, оны қысқы витамин тапшылығынан құтқарады, солардың бірі – иісті бақша аскөгі. Аскөк өсімдігінің барлық бөлігінде эфир майлары (1,5%) хош иіс беріп тұрады. Аскөктің жас жапырақтары С витаминіне (135-200мг%), каротинге (0,5-12,8 мг%) бай келеді, және де К, Е, В витамин топтары, темір, калий, кальций, фосфор тұздары, флавоноидтер бар. Емдік мақсатқа шөптің тұнбасы несеп айдайтын дәрі ретінде гипертония ауруының бастапқы сатысында, ал жапырағы мен мәуесінің қайнатпасы – ұйқы қашқанда қолданылады. Мәуелерін тұндырып және қайнатпа түрінде ас қорыту үшін бауыр мен өт жолдары ауруларына, жел шығаратын дәрі ретінде, бала емізетін әуелдердің сүтін көбейту үшін, демікпеге, тыныс жолдары ауруларына, құрысуға, балалардың шаншу ауруларын басатын дәрі ретінде пайдаланады. Ұсақталған мәуені де (1г, яғни бір шымшым) аз-кем су құйып,

тәулігіне 3 рет ішуге болады. Жас көк салат түрінде жүрек демікпесіне пайдалы. Аскөкті малма (примочка) ретінде көз ауруларына және терінің іріңді жарасына қолданады. Аскөк ыстық әрі салқын астың дәмін, сапасын жақсартады, тұздауда, маринадтауда орны ерекше.

Аскөк барлық жерде өсіреді. Ол жылдық, селдір, жіп тәріздес сан жарнақтарға бөлініп, тілімденген жапырақтарымен жұрттың бәріне мәлім. Бұл суыққа төзімді (-5-8° С аязға төзімді), жарық сүйгіш, топырақтың ылғалды, өңделген топырақты қажет ететін өсімдік. өсімдіктің өсіп, өркендеуі үшін қолайлы температура 15±°С саналады. Дәнін шашып себеді. Қазақстанда Армянский – 269, Сухумский, Каскеленский сорттары аудандастырылған.[1]

Бастапқыда әсемдік, дәрілік мақсатта өсірілген ақжелкенді тек орта ғасырда тағамға қолдана бастады. Бастапқыда тамырын, кейіннен жапырағын тағамға пайдаланды. Ақжелкеннің жапырақтарында эфир майлары, С (58-290), К, Е, витаминдеріне (1,7 мг%) бай, ал тамыр жемістерінде бұл заттардан басқа В витаминтер тобы мен РР – 2мг% витаминтер топтары бар. Мәуелерінде 6,0% дейін эфир майы болады. Ақжелкен тәбет ашады, ішектегі газды жояды, ауруды, шаншуды, құрысуды басады. Мәуелері, тамырлары мен жапырақтары халық медицинасында және гомеопатияда несеп айдайтын, тер шығаратын дәрі ретінде, сарп ауруларына пайдаланылады. Оның мәуесі мен шөбін бүйрек және жүрек ауруларынан ісіну кезінде, бүйрекке тас біткенде (бүйрек тастарын ұсатады, ерітеді және шығарады) пайдаланады, олар қабыну процестерін басады. Емдеу практикасында (тәуліктік дозасы) жас өсімдіктің шырынын (2-3 ас қасық), мәуенің ұсақталған тұндырмасын (жарты шай қасық мәуеге 2 стакан су құйып, 8 сағат тұндырады) немесе ұсақталған тамырдың ыстық тұндасын (2 шай қасық мәуеге жарты стакан су қайнатып құйып, 15 минут тұндырады) пайдаланады. Ақжелкеннің жас жапырақтарын шыбын-шіркей шаққан жерлерге басса, қабынуға қарсы тұрып, ауруды бәсеңдетеді. Шашты нығайту үшін ақжелкен дәндерінен дайындалған тұнбалармен бастың терісін сылайды. Ақжелкенді косметикаға да қолданады. Оның тамырының қайнатпасы беттің күнге күйюін бәсеңдетеді, ал тамырлардың қою қайнатпасын лимон шырынымен қосып, беттің секпілін және терінің қоңыр пигменттенген дағын кетіру үшін пайдаланады (таңертең және кешке бетке жағады). Бетті ағарту үшін оны ақжелкеннің жаңа шырынымен күнде сылау керек. Бақшалық ақжелкен – екі жылдық өсімдік, жапырақты және тамыр жемісті болып екі түрге бөлінеді. Ол аязға төзімді -9°С дейін суыққа шыдамды, өніп-өсуіне қолайлы жағдай 17±3°С, жақсы тынайтылған, жеңіл, құнарлы топырақ пен жарық ашық учаске керек, ылғалды топырақты жақсы көреді. Қар түсер алдында және көктемде кең қатарлап себеді, сиреткенде өсімдік арасы 10-15 см қашықтықта болу керек. Тамырлы ақжелкен ең көп егіледі, оған Урожайная және көкті ерте алу үшін – Сахарная сорты, ал жапырақтыдан – Обыкновенная листовая сорты пайдаланылады.

Балдыркөк қоректі татымды (белогы көп) көкке жатады. Оның жапырақтары мен тамырларында кальций, натрий, магний, темір, фосфор, әсіресе калий тұздары, органикалық қышқылдар мен витаминдер көп. Жапырақтары С витаминдеріне (14-180 мг%), Е, В витаминдер топтары мен РР витаминіне, каротинге бай. өсімдік ісікке, гипертонияға, жүректің ишемиялық ауруларына, жүрек ритмінің бұзылған кезінде, несеп-тас, өт-тас ауруларына, бүйрек, қуық қабынуларына пайдалы. Тәбет жоқ, ас сіңбеген кезде балдыркөктің жаңа кесілген тамырынан сығу арқылы алынған шырынын ішу ұсынылады. (1-2 шай қасықпен тамақтанардан жарты сағат бұрын тәулігіне 2-3 рет ішеді). Мәуелері де тұндырма түрінде қолданылады. Кесілген мәуелер бір стакан салқын суда 2 сағат бойы тұндырылады (тәуліктік доза). Балдыркөкті де аскөк пен ақжелкен сияқты кептіріп, тұздауға болады. Көктерін не ақжелкен мен балдыркөк тамырларының жаңқаларын темір табаққа жайып, духовка шкафында 40-50°С-ды не бастау түйіп ауада (күн көзіне емес) кептіреді. Балдыркөк екі жылдық өсімдік, бірнеше түрлері өсіріледі: тамырлы, жапырақты, сағақты. Суыққа төзімді келеді, тұқымдары 4-6°С-де көктейді, - 2-3°С аязға төзімді, өніп-өсуі үшін қолайлы температура -17-25°С, ашық топырақта қыстап шығады. Қазақстанда негізінен тез пісетін тамырлы сорта – Яблочный аудандастырылған.[2]

Кориандрды египеттиктер, гректер, арабтар қақырық түсіруші ретінде, Орта Азия халықтары көкөніс ретінде пайдаланған. Пісіп жетілген, кепкен мәуесі – сүйкімді, сәл хош иісті және дәмді, әрі витаминдерге (С, каротин, Р) бай. Кориандрдың бойындағы эфир майларының ауруды басатын және антисептикалық әсері бар. Мәуелерін қақырық түсіруші, өтті айдау, геморройға қарсы және жаракатты емдеу дәруі ретінде қолданылады. Мәуе ұнтағынан істелген тұндырманы (бір стакан суға 1 шай қасық) не 10-20 тұтас мәуені (бұл бір күндік доза) емдік мақсатта пайдаланады. Сонымен қатар кондитер өнімдеріне (бородино наны) хош иіс беру үшін қолданады. Ұсақталған мәуелер етті ұзақ

сақтауға мүмкіндік береді. «Кинза» кавказдардың ұлттық тағамдарына пайдаланатын кориандрдың жасаң және кептірілген мәуесі, оны салатқа бутербродқа, тұздыққа пайдаланады. Кориандрбиіктігі 30-70см, тез солатын жапырағы бар бір жылдық өсімдік, тұқым арқылы өседі. Ерте көктемде, оңтүстік аудандарда күзде де қатарлап сепкен жақсы. 2-3 аптадан кейін көктейді. өсімдік топырақты (жеңіл құрамды топырақта тәуір өседі), күтімді онша талғамады, еккен кезде ылғалды топырақты ұнатады. Көкті үздіксіз алып тұру үшін себу мерзімін ерте көктемнен бастап, жаздың ортасына дейін (аралығы 2-3 апта) созуға болады.

Зире хош иісті мәуесі үшін бұрыннан өсіріледі, эфир майларынан басқа майлар, белоктар, илік заттар, кумариндерді айтуға болады. Мәуенің сулы тұндырмасы мен қайнатпасы атония мен ішек ауырғанда, метеоризмге (газдың жиналуы), бала емізетін әйелдердің сүті азайғанда емдік мақсатта қолданылады. Қақырық түсіруге, ішті босатыға, өтті айдауға және ауруды басуға әсер етеді. Қайнатпаны үш шай қасық ұсақталған мәуені бір стакан қайнаған суға салып қайнатады (15 минут), кейін сүзгіден өткізеді – бұл тәуліктік дозасы. Ал тәбет ашу үшін мәуенің шағын ұнтағын (3-5г тамақтанудан бір сағат бұрын) ішу немесе осындай көлемде асқа қосу керек. Жапырақтары мен жас сабақтарын асқа дәм беруге және нан өнімдерінде және ірімшік қайнатқанда, қапустаны тұздағанда т.б. қолданады. Зире – екі жылдық өсімдік, тұқымынан өсіреді. Топырақ талғамайды, алайда ылғалды, терең өңделген құмай, не әкті саздақ жерде жақсы шығады. Бірінші жылы баяу өнеді. Сондықтан жиі егу керек. Екінші жылы мәуелері әбден піспей тұрып жинайды. Зирені ерте шық кетпей не түнде жинаған жөн.

Тмин – екі жылдық шөптесін өсімдік. Шалғындық түрі Батысынан Шығыс Қазақстанға дейінгі, ал оңтүстікте Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының далаларында кездеседі. Көбінде тұқымын пайдаланады. Тминнің тұқымы дәм сезетін рецепторларды қоздырып, ас қорыту жүйесінің қызметін рефлекторлық түрде арттырады, және бактерияға қарсы әсері бар, іріңді басып, ішік жұмысын жақсартады. Құрамындағы эфир майы дәрілік өсімдіктер мен сусындарға хош иіс береді. Тұнба дайындау үшін тминнің ұсақталған 3 шай қасығын бір стакан қайнаған су құйып, 15 минут қайнатып, 10 мин тұндырады, сүзеді (тәуліктік доза). Жел шығаратын шай ретінде тамақ алдында таңертең және кешке пайдалануға болады. Тмин майын қантпен 1-3 тамшысын күніне бірнеше рет қолданады. Халық медицинасында запорға, созылмалы холециститке қолданады. Және де сүттің бөлінуін арттыратын, бронхадағы қақырықты шығару мақсатында да қолданады.[3]

Өсімдік тағамдарының әртүрлі болуы зиянды заттардың организмде біркелкі жинақталуын болдырмайды, олардың шоғырлануын зиянсыз дәрежеге дейін кемітеді не мүлде бейтараптандырады.

1. Сафина Л.К., Петров Е.П. *Жасыл аптека.* – Алматы: Қайнар, 1992, - 288 б.
2. Қалиұлы Б., Үмбайұлы К. *Дәрі-дәрмектік өсімдіктер.* - Алматы., 2011 ж.
3. Үшбаев К.И., Никонов Г.К. *Лечебные свойства растений Казахстана.* - Алматы, 1994.

Резюме

Рассмотрены особенности рос и развития пряных культур а также описаны лечебные свойства полезных веществ.

Summary

Features of growth and development of the spice crops and medicinal properties of mineral substances were examined.

АҚҚУ – ҚҰСТЫҢ СҰЛТАНЫ

Д.У. Сексенова - аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Р.У. Саимова - оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,
А.Д. Майматаева - аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Ш.Велижанова - 3 курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ

«Сұлулықты, көркемдікті түсіне білудің өзі үлкен эстетикалық тәрбие күші. Ұшқан құс, жүгірген аң, өзен – көл, тау – тас, өсімдіктер дүниесі бәрі де адамға ләззат береді. Ес білгеннен бастап ата – анасының, үлкендердің өне бойы айтып отыратын өсиеттерімен тәрбиеленген ұрпақ өзі де табиғатқа нұқсан келтірмейді және өзгеге де жол бермейді»

Шоқан Уәлиханов

Қарт Каспийдің аты тарихта қанша мәрте өзгерді. Каспий, Гиркан, Хвалын, Хазар... Біз бұған қоса Аққу деген ат ұсынар едік. Бір сәт ойланып көріңізші, Жер шары бетінің жалпы ауданы 510 миллион шаршы шақырымға тең екен, осыншама аймақта жан-жануарлардың 1000000-нан астам түрі өмір сүретін көрінеді. Сол миллионның бірі – Аққу. Каспийдің жағасында тұрып қара жойқын толқындарды қақ жарып еркін жүзіп жүрген аппақ құстарды көрсеңіз, дүниеде жалғыз ғана теңіз бар, ол Каспий теңізі, дүниеде жалғыз ғана құс бар, ол Аққу деген ақын қиялына сенгіңіз келеді. Әлбетте, содан кейін бұл теңіздің аты Аққу теңізі болғанын қалайсыз. Расында, Каспийден өзге теңізге Аққу қонуы мүмкін бе өзі?!

«Аққудың алты түрі бар, оның бесеуі Солтүстік жарты шарды мекендесе, біреуі ит арқасы қияннан да әрі экватордың арғы бетін қоныс етеді. Біздің жерімізде қыстайтын екеуі – сыбырлақ және сұңқылдақ аққулар», - дейді ғалымдар. Соңғы кезде бұларға Тундрада жүретін қаздан үлкен, аққудан кішірек ақ құсты да қосып жүр - кіші аққу (тек ұшып бара жатқанда кездеседі).

Біздің пайымдауымызша, сыбырлақ аққуға жететін құс жоқ. Бұл құстар Евразияда ұялайды. Ыстықкөлде, Сырдария өзенінің орталық бөлігінде, Каспий теңізінде, Жерорта теңізінің шығыс жағалауларында, Ніл өзенінің төменгі ағысында қыстайды. Қазақстанның солтүстік бөлігінің тегістіктеріндегі су қоймаларында ұялайды. Тамырсабақтармен, тамырлармен, өркендермен, кейде балдырлармен қоректенеді. Ұсақ-түйек жануар тектес азықтармен де қоректенеді. Экологиялық және эстетикалық мәні бар.

Батыс пен Шығыс анималист суретшілерінің арасында сыбырлақ аққудың суретін салмағандары, әй, жоқ шығар. Әсіресе әсем иілген мойнына келгенде қыл қалам шеберлері ерекше шабыттанып кететінге ұқсайды. Мойны демекші, ерте, ерте, ертеде латын әліпбиін жасаған ғұламалар S әрпіне келгенде, үй алдындағы хауызда бір-біріне еркелеп отырған қос аққуды көреді де, “табылды, әріп табылды” деп айқай салады. Бұл баяғы Архимедтің айтқанындай, шын мәніндегі, мағыналы айқай еді. Содан соң бірсыпыра бұл әріпті “аққу мойын” деп атап келген көрінеді. Келе-келе бәрі де ұмытылған. Бұл қардан да аппақ құсты халық өлеңінде былайша бейнелеген еді:

*Қарашада қар жауар қат-қат болып,
Табан асты қара жол батпақ болып.
Отыр ма екен, қалқатай жатыр ма екен,
Айдындағы аққудай аппақ болып.*

Тұмсығы мен аяғы қызыл, көзінің айналасы қалың ғып сүрме тартқандай қарайып тұрады. Шығыс ақындары ғашықтық ғазалдарында аққудың осы суретін көп пайдаланған. Олардың айтуына сенсек, о баста әйелдер қасты сүрмелеп, ерінді қызылмен бояп, бетті опалауды аққудан үйренген. Кім біледі, рас та шығар. Адам баласы қай заманда да табиғатқа табынып келгенін ешкім де жоққа шығара алмайды ғой.

Сұңқылдақ аққу да сұлу. Құстар Евразияның солтүстік бөлігінде ұялайды. Жерорта теңізінде, Каспийде, Пәкістанда, Кореяда, Шығыс қытай бөлігінде қыстайды. Қазақстанда Торғай өзенінің төменгі жағында, Балқаш-Алакөл ойпатында, Марқакөлде, Солтүстік Каспийде, Түркістанда қыстайды.[1]

Оның дауысы біздің ұғымымыздағы сұңқылдан гөрі, анығында қаздың қаңқылына ұқсайды.

Оразақын Асқар ағамыз жинаған “Қазақтың қара өлеңінде”:

*Күн құшқан айдын көлде жалғыз аққу,
Қаңқылдап қанатымен сабалап су.
Таранып қаранады жан-жағына,
Сұлуды тасалама, көк торғын бу.* - дейтіні содан болса керек.

Оның сыбырлақ аққудан не айырмашылығы бар? Бар ерекшелігі – мойнында ғана. Сыбырлақ иір мойын болса, бұл мойнын тік ұстайды. Имейді, иілмейді. Дауысы ащы. Жүзгенде сыбырлақтай емес, кеудесін суға батырыңқырап, құйрығын көтеріп жүзеді.

Аққулар 30-40 жыл жасайды. Кейде әлемдік орнитологияның осы тоқтамын жоққа шығаратын фактілер де кездесіп жатады. Мысалы, 1887 жылы Британия аралдарының бірінде 1771 жылы сақиналанған бір сыбырлақ аққу ұсталған, 116 жыл! Құс баласының мұншалықты ұзақ жасауы мүмкін бе? Оның алдында Германияда да осындай бір адам айтса наңғысыз оқиға болған еді. Зоологтар осы факті турасында әлі айтысып келеді. Ал қарға мың жыл, кейде 300 жыл, ғалымдар болса, 50-75 жыл жасайды дейді. Халық өлеңінде:

*Айналайын, қарағым, кекілдім-ай,
Балапаны аққудың секілдім-ай-*

дейді емес пе?! Байқап отырсаңыз, “балапаны ақ қаздың секілдім-ай” демейді, “үйректің, бұлбұлдың, ләйліктің” де демейді, тек аққудың балапаны дейді. Себебі анасындай аппақ болмаса да көгілдірдің көркемдігі көз таярдай ерекше. Тіпті өспей ақ осы қалпында тұра берсе де сүйкімді емес пе деген ой келеді. Сөйтіп, аққу үш-төрт жасқа дейін ақ қу емес, сұр қу (егер осылай айту мүмкін болса) боп өседі. “Бесік баласы бес түлейді” деген мақалға сай ол да үш-төрт түлеп барып, шын аққуға айналады.

Құстың жауы – жылан. Ол жұмыртқа көрсе бітеу жұтады, таңдамайды, талғамайды, шымшық, торғайдан бастап ірі құстардың жұмыртқасына дейін қоймайды. Халық аңызында жылан екеш жыланға дейін аққудың жұмыртқасына тимейді екен. Биологтар болса бұл жәйді аққудың жұмыртқасы өте үлкен болғандықтан (114 x 74 мм) жылан оны жұта алмайды деп топшылайды.

Аталығы мен аналығын ажырату қиын. Жалғыз айырмашылығы – көктемде аталығының тұмсық үстіндегі қара дағы ұлғайып, алыстан айбат шеккендей анық көрінеді, ұрғашы аққудың тұмсығы да осыған ұқсас, тек қара дағы кішкентай. Және бір байқалатын белгісі – аналық анағұрлым кішкентай, еркегі болса ірі, қанат қарымы сала құлаш кең келеді. Өте тату. Басқа құстардай бажылдасып қалу бұларға жат. Үндемейді. Үнсіз түсінеді. Сұлуды адамдарды ғана емес, өзге қанаттыларды да таңқалдыратын секілді. Жанынан қос аққу өтіп бара жатқан үйрек-қаздар шетке ысырылып жол береді.

Сынары өлген аққудың “бұдан кейін өмір сүруде қандай мән қалды” дегендей тасқа құлап өлетіні туралы аңыздар көп. Ән де, күй де, жыр да жеткілікті. П.Чайковскийдің “Аққу көлі”, М.Мақатаевтың “Аққулар ұйықтағанда”, Н.Тілендиевтің “Аққу” атты шығармалары осының айғағы.

Аққудың тағы бір тамаша дұшпаны – бақсы, балгерлер. Олар “аққудың өті мың да бір ауруға ем” деп талай есер аңшыны еліктіріп, желіктіріп қылмысқа итерген кездері бар.

Қытайлар аққудың тұла бойы асыл деп, етінен түрлі-түрлі тәтті тағамдар дайындаса, мамығы мен терісін асыл бұйымдар жасайтын шикізат ретінде қолданып келген. Қытай халық медицинасында оның өтін әуелі кептіріп алып, содан кейін темір келіде ұнтақтап, үгітіп, өртеп, күлін алып күйікті емдеуге пайдаланады. Қытайлар өте ерте заманда мұны күн құсы деп есептеп, “Ян” деген ат берген көрінеді.

Саян – Алтай түріктері арғы түбіміз аққудан таралған дейді. Якут, бурят әйелдерінің бас киіміне аққу қауырсынын қадайтыны осыдан. Бұл екі ел көктемде бірінші боп келген аққуды көргенде үйден сүт алып шығып, көкке шашып өлең айтады:

*- Түп анамыз аққу құс,
Ата жұртқа жеттін бе.
Асқар да, асқар, асқар тау,
Аман-есен өттін бе?!...*

Сібір татарлары “Әуелі Көк тәңірі Ақ қошты (Ақ құс – Аққу) жіберіп, Теңіз түбінен топырақ әкелуді бұйырды. Ақ қош ұзын мойнын созып жіберіп бір уыс топырақты жұлып алады да, Тәңірдің

алдына алып келеді. Тәңірі топыраққа дем салып, ә дегенде шайтандарды жаратты. Жер бетін жын – перілер қаптап, ешкімге құлақ аспай құтыра бастады. Мұны көрген Тәңірі ашуланып, Шайтан біткенді алты қырдан асырып орманға қуып тықты да, Ақ қоштың екінші әкелген топырағынан Тәңірі халық дейтін елді жаратты. Тәңірі халқы бүгінгі түркілердің түп атасы еді. Түркілер үшін Аққудың киелі құс болып саналатын жөні осы” дейді.[2]

Ертеде адамдар аң-құсты киелі тұтып, оларға табынған. Олардың айбарлы, қуатты санаған жануарларды тотем етіп алуы – “сұсы мен киесі пәле – қатерден сақтайды екен” деген сенім – нанымнан туындаған. “Тотемдік аң-құс немесе жануар біздің арамыздан кеткен алғашқы ата-бабаның мәңгі тірі бейнесі” - дейді С.А. Токарев.

Аққу түркі халықтарында, хакастарда, туваларда, якуттарда, сахаларда, тофаларда киелі деп санаған. Ә.Марғұлан “Мүмкін тарихи заманда аққу түркі тайпаларының бір тотемі болуға тиіс” деген. Аққуға байланысты тотемдік сенімдердің пайда болуы түркі қағанатының бір құрамын Аққу тайпасы құрғандығынан көруге болады. Тіпті кейбір тайпаның атына да, ұранына да айналған. Бұған алтайлықтардағы Дьуртаг (бүркіт), Тувалардағы қуу (аққу), Хакастың бюрют (бүркіт) тайпалары дәлел.

Аққуды аңыздар мен жырларда, ертегілерде сұлу қыздың бейнесінде көрінетіндігі – түркі халықтарында ортақ бейне. Мәселен, қазақ, қырғыз, бурят эпостық шығармаларында, аңыз-әңгімелерінде “аққу – ару қыз”, “аққу – сұлу қыз”, “аққу - перизат”, “аққу – құстың сұлтаны”, “аққу - аналар”, т.б. көркемдегіш теңеу ретінде суреттеледі. Мәселен, қанды жорықтардың бірінде, Қалша Қадыр қолбасшы қатты жарақаттанады. Шөлден булығып, болдырып өлім халінде жатқанында, қасына аспаннан бір ақ қаз (аққу) ұшып келіп қонады да аузына су тамызып, құтқарып алады. Сөйтсе, аққу-қаз болып келген перизат екен, батырды су жағасына ертіп келгеннен кейін, үстіндегі аққу терісін сыпырып тастап, ару қызға айналады. Қалша Қадыр осы аққу қызға үйленеді, одан туған ұл “қазақ” атанады. Қазақтан: Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс деген үш ұл туады. Ақарыстан Ұлы жүз, Бекарыстан Орта жүз, Жанарыстан кіші жүз тайпалары тарайды. Сол себепті аққулардың сұлулығына, көркемдігіне қызығып, адамзаттың әуелгі анасы осыдан тарады, құстың сұлтаны деп атпаған.

Демек, аққу – киелі құс. Оны атуға, жеуге болмайды. Яғни, аққуды қазақтар киелі құс деп қастерлейді. “Аққу қазақтардың ерекше қадірлейтін киелі құсы, оны ешуақытта атып өлтірмейді, су бетінде жүзіп жүрген аққуды көрсе, оған жаны қуанып, сүйсіне қарайды”. Ел арасында аққуға байланысты ырымдар мен тыйымдар мол. Аққуды атпайды, киесі соғады деп қорқады. Оны атқан адам бұл дүниеде де, о дүниеде де оңбайды. Алайда әйелдер “Аққудың етіне жерік” болған кезде, оны тәңірге сыйына, кешірім сұрай ұрлап ататын болған. Аққу қауырсынын, терісін басқа ырымдамайтын аңшылардан сатып алады. Аққу құстың көркемі деп санағандықтан, қыздардың сұлулығын аққуға теңейді және жақсы көрген адамын “аққуым” деп еркелетеді. “Аққу құстай кіршіксіз ақ”, “аққу құстай жарқылдау”, “аққудай сылану”, “аққу құстың мойнындай”, “айдынның ерке сұлу аққуындай”, “аққудың мамығындай”, “аққудай тізілу”, “аққудың топшасындай”, тағы басқа теңеулер мен тұрақты тіркестер көркем шығармаларда кездеседі. Айдынның ерке сұлу аққуындай, Аспанда жүзді жайлап нұрлы алтын ай (Қ.Аманжолов). Арғымақ аққу құстай кіршіксіз ақ, Бергендей досқа ғана досы қиып (С.Сейфуллин). Ақ жұмыр қос білегі Аққу құстын мойнындай (І.Жансүгіров).[3]

Аққу – қасиетті құс екеніне еш күмәніміз жоқ. Ал, ендеше Аққуға қамқор болу біздің азаматтық парызымыз және қарызымыз екенін естен шығармайық Азамат.

1. Беркінбай Омархан, “Орнитология” - Алматы: “Жібек жолы” 2008 ж. - 86 – 89 б.

2. Есенғали Раушанов “Құстар біздің досымыз” - Алматы: Жазушы, 2009. - 5-12 б.

3. Рысбаева Г.Қ. “Түркі халықтарындағы аққу тотемі туралы” Білім. – Образование, -2005. - №6. - 53-54 б.

Резюме

В статье дано сведение о лебеди. Подробно описано гнездящиеся в Казахстане виды лебедей. Показано биологические особенности, эстетическое значение бытующие среди народа.

Summary

In the article was given information about the swans. Described in detail the nestling in Kazakhstan kinds of swans. It is shown biological features, aesthetic value prevalent among the people.

К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЭХИНОКОККА ECHINOCOCCUS GRANULOSUS В РЕСПУБЛИКЕ

К.И. Батырова – к.б.н., доцент КазНПУ им. Абая,
Н.А. Демченко - 3 курс з/о КазНПУ им. Абая

Одним из наиболее опасных гельминтов для человека является эхинококк. Половозрелая особь состоит из 3-4 члеников и размеры 3-5мм. В организме человека паразитирует личиночная стадия – финна, которая достигает более крупных размеров, чем взрослая особь. Финна – пузырьчатая стадия заполненная жидкостью и бесчисленным множеством выводковых камер. Личинки паразитируют практически во всех органах человека (легкие, печень, мозг и др.). Если вовремя не провести курс лечения, эхинококк полностью оккупирует ткани пораженного органа, парализуя его работу, что приводит к смерти промежуточного хозяина. [1, 2]

Половозрелые особи эхинококка паразитируют в организме собак, и заражение яйцами эхинококка может произойти при контакте с больными. Частые и близкие контакты с зараженной собакой гарантируют 100% заражение, в результате живучести яиц [3, 4].

Методика и материалы исследования

Методика определения эхинококка: метод определения иммуноглобулинов класса G к антигенам эхинококка однокамерного представляет собой твердофазный иммуноферментный анализ, в ходе которого при взаимодействии исследуемых образцов сыворотки крови в лунках стрипов с иммобилизованными антигенами эхинококка однокамерного происходит связывание специфических антител и образование комплекса «антиген-антитело» на поверхности лунок. После удаления не связавшихся компонентов сыворотки (плазмы) и добавления в лунки планшета конъюганта моноклональных антител к IgG человека с пероксидазой хрена происходит включение ферментной метки в иммунный комплекс.

Комплекс «антиген-антитело-конъюгант» выявляют цветной реакцией с использованием субстрата пероксидазы-перекиси водорода и хромогена – тетраметилбензидина.

Исследования проводили на базе клиники «Invivo» г. Алматы.

Исследуемый материал был получен практически со всех областей республики Казахстана. Так в 2011 году в исследовании участвовали 9 областей, в 2011-13.

При исследовании полученных проб (2476) в 2011 году было зарегистрировано 194 (7,8%) случаев поражения эхинококком, и в 2012г. из 4898 проб – 303 (6,2 %) (таблица 1, диаграмма). Наблюдается незначительное понижение заражения населения республики. Однако и эти проценты являются внушительными.

В 2011 году высокий процент поражения эхинококком (16,1%) составил в Кызылординской области, 10,4% - Южно-Казахстанская и 10,2% - Акмолинская области, и в 2011 – 12,6%: 11,1%: 10,5% соответственно.


Таблица 1. Распространение эхинококка в республике

№	область	2010г.			2011г.		
		кол-во проб	полож. реак.	%	кол-во проб	полож. реак.	%
1	Алматинская	867	38	4,4	1556	67	4,3
2	Акмолинская	39	4	10,2	57	6	10,5
3	Актюбинская	-	-	-	5	-	-
4	Атырауская	64	6	9,4	546	35	6,4
5	Восточно-Казахстанская	65	2	3,1	272	3	1,1
6	Жамбылская	449	24	5,3	767	35	4,6
7	Западно-Казахстанская	-	-	-	71	5	7,0
8	Карагандинская	94	8	8,5	165	8	4,9
9	Костанайская	-	-	-	184	7	3,8

10	Кызылординская	335	54	16,1	445	56	12,6
11	Мангистауская	-	-	-	72	4	5,6
12	Павлодарская	94	9	9,6	94	3	3,2
13	Южно-Казахстанская	469	49	10,4	664	74	11,1
	по республике	2476	194	7,8	4898	303	6,2

Диаграмма

Распространение эконококка в республике



- 1 – Алматинская
- 2 – Акмолинская
- 3 – Актюбинская
- 4 – Атырауская
- 5 – Восточно-Казахстанская
- 6 – Жамбылская
- 7 – Западно- Казахстанская
- 8 – Карагандинская
- 9 – Костанайская
- 10 – Кызылординская
- 11 – Мангистауская
- 12 – Павлодарская
- 13 – Южно – Казахстанская

Мы проследили степень поражения среди людей различного возраста. Так высокая степень поражения составляет среди возрастных групп от 18 до 40 лет (5,6%), незначительная – среди людей достигших 60 лет и более и составила - 0,8%. Особую тревогу вызывает группа от 1 года до 6 лет, количество положительных проб составила в 2011 г. 8 детей, а в 2012 году – 23, почти в три раза произошло увеличение (5 детей в Жамбылской области, 9 - в Алматинской). Среди возрастной группы с 7 до 17 лет (школьники) самый высокий показатель 19 детей (2011г.) в Кызылординской области, 14 – в Южно-Казахстанской, 9 – в Алматинской. Причем эхинококкоз у детей протекает в более тяжелой форме, чем у взрослых.

В настоящее время с увеличением численности собак (в большей степени бездомных) в городах и населенных пунктах ухудшается эпидемиологическая и эпизоотическая обстановка по эхинококкозу, увеличивается риск заражения людей. Этому также способствует нарушение правил личной гигиены. Необходимо проводить мероприятия по профилактике эхинококкоза.

1. Геллер И.Ю. Эхинококкоз. - М.: Медицина, 1989, - 208.

2. Лучишева В.И. Гельминтозы человека. – Краснодар, 1998, - 124.

3. Гельминтозы человека. Под ред. Ф.Ф.Сопрунова, М., Медицина, 1985, 368.

4. Токмалаев А.К. Клиническая характеристика и медицинское лечение важнейших завозных гельминтозов. Дисс.докт.мед.наук. - М., 1990, - 364.

Түйін

Мақалада эхинококктың *Echinococcus granulosus* Кызылорда облысында кең таралғаны және республикамызда 1-6 жас аралығындағы балалардың зақымдану деңгейі өте жоғары екендігі көрсетілген

Summary

Parasite *Echinococcus granulosus* occurs widely in Kzyl-Orda region. The degree of destruction of children aged 1 to 6 years in the country has increased almost threefold.

УДК 504.16 +336.77

РОЛЬ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ В ЭКОЛОГИЗАЦИИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВА

К.С. Кулажанов - *д.х.н., профессор, Алматинский технологический университет,*

Т.О. Омаркулов - *д.х.н., профессор, Алматинский технологический университет*

А.Ф. Сейтжанов - *к.х.н., профессор Каз НПУ им. Абая,*

Р.А. Сейтжанова - *ст.преп. Академии МВД РК*

Мировой опыт показывает, что основой успешного решения экологических проблем является экологизация всей социально-экономической системы государства [1-4]. В этой связи базовой основой современной экологической политики является «Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2004-2015 гг».

Сан есімдерден жасалған зат есімдердің мол, бай тобы- (жер- су аттары) болып табылады. Қазақ тіліндегі сан есімдердің сөз жасаудағы рөлін анықтап, сонымен қатар олардың халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне қатысы барын академик С. Кеңесбаев жан жақты талдай келіп, олардың «киелі» мәнде жұмсалатынын алғаш сөз етеді. Әсіресе «жеті», «үш», «тоғыз», «қырық» сандарының түркі тілдеріндегі қызметін толық сипаттап берді. [3]. Тілдегі 7,3,9,40 сандарымен байланысты фактілерді қорыта айтқанда, түрік халықтарында жеті саны айрықша орын алады. «Үш», «тоғыз», «қырық» сандары да жеті саны сияқты тіл тілде киелі функцияда қолданылған. Сонымен қатар бұл сөздер бір тілдің екінші тілмен айланысып, біріне-бірі әсер етіп, өзара ұласып жатқандығын аңғартады [4]. Қазақ тіліндегі адам аттарының көпшілігі сан есімдерін арқау болуы арқылы жасалады. Олар дара және біріккен тұлғалы есімдердің компоненттерінен кездесіп отырады. Мұндай есімдердің жасалуына немесе дербес атауыштық функцияға ие болуына көптеген заңдылықтар бар. Ол заңдылықтардың сырын ашу аса қиын, тамыры тым тереңде жатады да, алуан түрлі мән-мағынаға ие болады. Оның айғағы бірден бастап, онға дейін, сонымен қатар 40, 50, 60, 70, 80, 90, 1000 т.б. сан есімдерімен байланысты топонимдер (адам және ру аттары, жыл маусымы, күн тәулігі т.б.) көптеген кездеседі. Бір сан есімімен байланысты есімдер: *Біржанкөл* (көл), *Бірлік*, *Бірқұдық*, *Бірінші Қонқашбай* (қоныс, Баян ауд.), *Бірсуат* (Ертіс ауд.), *Бірінші Малыбай* (Лебязі ауд.).

Бір саны – даралықты, жалғыздықты ғана емес, бірегейлікті (бір де болса бірегей, мыңнан біреу т.с.с) білдіреді.

Сол сияқты орыс тілінде қалыптасқан *Первое Мая* (жайлау, көл Баян. ауд.), *Первомайка* (ойконим, ескі қоныс. Қашыр, Шарбақты ауд.) *Первое көлі* (Железин ауд.). *Бірінші Разведка* (қоныс, Май ауд.). Екі сан есімімен байланысты есімдер: *Екібастұз* қаласы, ойконим көл, *Екітай* ескі мекен, *Екішоқ* (қоныс, Железин ауд.), *Екісай*, қоныс (Баян. ауд.), *Екінші Малыбай*, *Екінші Разведка*, орыс тілінен енген *Двуусая*, *Двуусое* атауларын қарастыруға болады. *Екібастұз* атауының этимологиясы шындығына жүгінсек басқа мағынаны білдіреді. «Екі бастауы бар көлдің», негізінде, *Екібастұз* атауы пайда болған [5]. Екі сөзіне синоним болып табылатын «қос» сөзі арқылы жасалған 30-дан астам атауларды кездестірдік. *Қосмола*, *Қосерін* (2 атау), *Қосқұдық* (2), *Қосқұлан*, *Қосөзек*, *Қостаң*, *Қосшоқы* (2), *Қосбидайық*, *Қоскемпір* (2), *Қоскөл*, *Қосқоныр*, *Қоссары*, *Қостерек*, *Қостөбе*, *Қосағаш*, *Қоскөл* (2), *Қостомар*, *Қостыкөл*, *Қосарал*, *Қосқұдық* (2), *Қосбалаған*, *Қосқия*, *Қосқанған Қособа*, *Қоссор*, *Қостақыр* (Ақсу қ.ә., Ақтоғай, Баян., Екібастұз қ.ә., Ертіс, Железин, Қашыр, Май, Павлодар, Успен, Шарбақты ауд.) атауларын кездестірдік [6,7].

Үш саны-өмірдегі жарасылымдықты (*Үш жүз*, *Үш жұрт*, *Үш тәтті*, *Үш қуат*, *Үш жұрт*, *Үш тоқтам*, *Үш қасиет*, *Үш із*, *Үш ғайып*, *Үш алыс*, *Үш арсыз*, *Үш ғалым*, *Үш дауасыз*, *Үш белгі*, *Үш қалып*, *Үш көз*, *Үш байлам*, *Үш байлық*, *Үш қазына*, *Үш мақсат*, *Үш үміт*, *Үш алып*, *Үш қадірлі*, *Үш қадырсыз*, *Үш кемдік*) негіздейді. «Үш» пен байланысты есімдер зерттеу аумағында жиі кездеседі. Мысалы, *Үштерек*, *Үшөзен* (Ақсу қ.ә.), *Үшайрық*, *Үшқұдық*, *Үшши* (Ақтоғай), *Үшбұлақ* (2 атау), *Үшқасқа* (2), *Үшқұлын* (2), *Үштаған*, *Үшбұлақ*, *Үшқасқа* (2), *Үштоғай*, *Үштөбе* (Баян. ауд.), *Үшбұлақ*, *Үшкөл*, *Үшкеліншек*, *Үшқақ*, *Үштақыр*, *Үштөбе* (Екібастұз ауд.), *Үшқамыс* (3 атау), *Үшілші*

Куря және Трехречка (Железин ауд.), Третья Пятилетка (қоныс, Лебяжі ауд.) атауларын кездестірдік. Үш санымен қойылған топонимдердің нақтылы сандық мағынаны білдіріп тұрғаны даусыз. Сондықтан тұрақты келеді және нақты мәнге ие болады. Төрт саны – кеңістік пен шартараптылықты негіздеп, діни көзқараста қалыптасқанын аңғартады. (*Төрт періште, Төрт кітап, Төрт құбыла, Әлемнің төрт негізі, Төрт халифа, Төрт қылыш, Төрт сәуегей, Төрт мұхит, Төрт дария, Төрт амал, Төрт асыл, Төрт тоқсан*) т.б. Төрт саны қазақ халқының өмірінде ерекше қызмет атқарған. Мысалы «*төрт түлік*», «*төрт тарап*», «*төрт тірек*», «*төрт тұрман*», «*төрт жолдың торабы*», «*төрт құлақ*» (*ою аты*), «*төрт көз түгел*», «*төрт қонақ үй*», «*төрт бұрыш*» атауларын жиі кездестіруге болады. Ертістің Кереку өңірінде *Төрттау* (2), (Баян. ауд.), *Төртүй* (Екібастұз ауд.), *Төртқұдық* (3 ойк.) (Екібас., Май.Лебяжі ауд.) атаулары көрініс тапқан.

Тіліміздегі бес санымен байланысты жасалған сөздер мен тіркестерінің және адам аттары мен ру, жер-су аттарының табиғаты да жоғарыда көрсетілгендерден алшақ болмаса керек. Бұл сан есім арқылы жасалған сөздерді түркі тілдерінің сөз тіркестерінде жиі кездестіруге болады [3]. Мысалы, Кавказда *Биштау* (Пятигорск), Өзбекстанда *Бишсары*, Қырғыстанда *Бешкерюк* т. б. географиялық нысан атаулары бар. Қазақ тілінде «*бес аспан*», «*бес саусақ*», «*бес сайыс*», «*бес құрлық*», «*бес елі*», «*бес қару*», «*бес биенің сабасындай*» сол сияқты діни тұрғыда қалыптасқан «*бес парыз*», «*бес намаз*», «*бес түн*», тіркестердің сөздік қорымызда жиі қолданылады. Мысалы, *Бесқұдық, Бестерек, Бессор, Бестобе* (4 атау), *Бесиоқы* (Баян. ауд), *Бесапан* (2), *Бесқарагай* ойк., *Бесмая* (Лебяжі ауд), *Бестау, Бестерек, Бестобе* (Май ауд), *Бесқұлан* (Павлодар ауд) нысан атауларынан нақты географиялық ақпарат алуға болады. Тілде жиі қолданылатын сөз тіркестері: «*алты қанат ақ үй*», «*алты арыс*», «*алты бақан*», «*алты ай жаз*», «*алты ауыз өлең*». т.б. Демек, алты сан есімінің де сөздік қорымызда кеңінен қолданылып, түрлі лексика-семантикалық қасиетке ие болатындығын байқаймыз [1]. *Алтыбайбайсор* (2), *Алтыбай* (2), *Алтыншы* ауыл (Ақсу, Ертіс ауд.) антропогенонимнен туындаған және микрогидронимдерді нақты сипаттайтын *Алтыанай* (Ақт.), *Алтықұдық* атауларын қарастыруға болады. Сонымен қатар, «алты» сан есімінің көптеген ру-тайпа аттарын да жасауға «арқау» болғаны байқалады. Мысалы, алтеке сарым, алтыбай алтыбаш (арғын-қыпшақ) тайпаларында, алты сары, жеті сары қырғыздарда кездеседі.

Жалпы түркі тілінде, әсіресе қазақ тілінің сөздік қорында жеті санымен байланысты сөздер мен белгілі ұғымдардың көп қолданылуы олардың «адам баласының ертедегі» өмірінде-ақ уақыт өлшемі, көлемдік өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарған. Сонымен қатар, «жеті» саны қасиетті және сиқырлы сан ретінде түріктер мен араб елдерінде маңызды рөл атқарады. Жеті саны – адамзат пен табиғат арасындағы бір ізді байланыс, олардың терең тамырлары, әлем сәулеті, мифология мен діни ұғымдарды негіздейді. Мысалы, (*Жеті шәріп (әулие), Жеті ғалам, Жеті қат көк, Жеті қат жер, Жеті жұрт, Жеті ықылым, Жеті ата, Жеті ұрпақ, Жеті әліп, Жеті күн, Жеті мүше, Жеті жетекші, Ер жігіттің жеті қасиеті, Жеті қазына, Жетісу, Жеті ғашық, Жеті жетім, Жеті тойымсыз, Жеті жоқ, Жеті жұт, Жеті басты жалмауыз, Наурыз дастарханына қойылатын жетеу, Әлемнің жеті кереметі, Табиғаттың жеті кереметі, Қиял – ғажаптың жеті кереметі, Жеті теңіз, Әлемдік жеті жұмбақ, Осы заманғы жеті жұмбақ*) тәрізді сөз тіркестері жеті санының қоғамда жиі қолданылатынынан мол ақпарат береді. *Жетінші ауыл* (қазіргі Ленинск кенті), *Жетінішен* қоныс (Ертіс ауд.), Павлодар қаласында «*Жеті ағайын*» фирма атауы да бар. Сегіз саны қасиетті және мәңгіліктің символына айналған. *Сегізаяқ* (көл, Железин ауд), Әйелдер мерекесін айғақтайтын *Восьмое Марта* (Май ауд.) елді мекен атаулары бар. «Тоғыз» санымен байланысты жасалған ономастиканың бір тобы этнографиялық шығу тарихы жағынан біраз деректер береді. «Тоғыз» туралы ескі ырымдар мен әдеп-ғұрыптар, әртүрлі салттар түркі халықтарының көбіне бір құбылыс. Мәселен, қазақ тілінде, «*үш тоғыз*», «*тоғыз жолдың торабы*», «*тоғыз қабат тоң*», «*тоғыз қанат ақ үй*», т.б. [3]. *Тоғызбай, Тоғыз, Тоғызқұдық* (2), құдық, қоныс атауларының өзіндік сыры бар. «Он» сан есімі арқылы жасалған адам аттары мен нысан атаулары сирек кездеседі. Мысалы *Он бір қора* қоныс атауы қораның санын білдіріп тұр. Қазақ тілінде «*Он екі баулы өзбек*», «*Он екі баулы қыпшақ*» «*Он сан албан*» сөз тіркестеріне көз жүгіртсек «он» санының да ерте кездерде «үш», «жеті», «тоғыз», «қырық» сандары сияқты ерекше ұғымда ие болғанын (киелі, қасиетті) аңғаруға болады. Кеңестік идеология кезеңінде қалыптасқан *Октябрдің 10-жылдық, 25 жылдық* мерейтойына байланысты қойылған елді мекен атаулары болған. Қазіргі атаулары Қарақұдық, Әуелбек болып өзгертілді. Сол уақыттарда *XXI, XXII, XXIII, Партсъезд* атындағы совхоздар мен колхоздар «*КСРО-ның 40 және 50 жылдық*» мерейтойына арналған елді мекен атаулары болған.

Темір жол бекеттерін айқындайтын 125, 126, 127, 128, *разъезд* (жол айрық), 132 км аялдама атаулары бар [5].

Сан ой ойлатады және екшейді. Кейбір сандар әлдебір себептерден халық ұғымында «жағымсыз» сипат алған. Мысалы, Еуропа елдеріндегі көптеген халық 13 санын жаманат, қауіп – қатер нышанына балап, күнделікті тіршілікте қолданыстан аластауға тырысады (қала үйлерінің реттік санында 12-ден соң 13-ті аттап өтіп, 14-пен есептелуі, ауруханада 13 сандық палата болмауы, т.б.). Қазақстанның кейбір өңірлерінде айдың 27 және 29 жұлдыздарын ақыр жеті, ақыр тоғыз атап, ол күндері алыс сапарға шықпау, мал сойып, қонақ шақырмау т.б. үрдістер қалыптасқан. Аптаның сейсенбі күнінде осыған сәйкес келсе, жұма күні қазақ халқы үшін де қасиетті күн болып саналады. Қырық саны – имандылық, әдеп-ғұрыптық (*сәбиді қырқынан шығару, қырық қасық сумен шомылдыру, қызды қырық үйден тыю, қыздың қырық жаны бар, өлген адамның қырқын беру т.б.*) ұғымын берген. «Қырық пен байланысты адам аттары діни сеніммен нанымға байланысты қойылса керек. Өйткені «қырық күн шілде», «қырық шілтен», «қырық жеті», «қырық ру», «қырықтың бірі қыдыр», «қырық батыр», «қырық кәдесі», «қырық буын», «қырық қарыс қазан» сияқты «өлшемдік», «мөлшерлік» мағынадағы сөздер де көптеп кездеседі. «Қырық» пен байланысты ру аттарының кездесуі тегін емес. Қырық сары (үйсіннің бір руы), қырық мылтық (найман ішінде) қырық менюз (өзбек қыпшағының руы), қырық ру қырғыз (манас жырында) т.б. кездестіруге болады. Ақтоғай ауданында *Қырықұй* елді мекен атауы бар. Ал «елу», «алтыс», «жетпіс», «сексен», «тоқсан» сандары арқылы жасалған адам аттарында жиі кездеседі (Сексенбай, Елубай, Алпысбай, Алпыс, Жетпіс, Жетпісбай, Сексенбай, Тоқсанбай т.б. баланың әкесінің осы жасқа келгенде туғандығын немесе сол жасқа жетсін деген тілекті көрсетеді) [3]. Баланың өмір-жасы ұзақ болуын қалап, ғұмырлы болуын тілеген ата-ана Жүзбай, Мыңжасар, Өмірзақ, Жанұзақ деген есімдерді де қоятын. Тіліміздегі оң мың санын білдіретін Түмен. Түменбай деген есімдер татар, өзбек, монғол (қалмақ) тілдерінде де жиі кездеседі. Мысалы *Жүзқарағай* қоныс (Лебяжі ауд.), қарағайларды көптеп топтасып өскенін анықтайды. Осы маңда *Жексен тобы*, *Топқарағай* атаулары да қарағай ормандарының ареалынан мол ақпар береді. *Мыңжасар* жайлау (Ақтоғай. ауд.) адам атына байланысты қойылған деуге болады. Сонымен 3, 7, 9, 9, 40 сандарымен байланысты адам аттарының көбі «киелі», «қасиетті» мағыналарға сәйкес қойылғандығы байқалады. Біздің зерттеулерімізде Ертістің-Кереку өңірінде 150-ден астам санға байланысты атаулар қарастырылып, алғаш рет жүйеленіп топтастырылды. Топонимияның мазмұндық бөлігінде халықтың географиялық білімі ғана емес, оның қоршаған ортаға көзқарасы да көрініс табады. Топонимия этностың әлемді сезінуін, түсінуін, танып-білуін және оның тілдік бейнесін жасауын көрсететін рухани мұрасы болып табылады.

1. *Қазақ совет энциклопедиясы. Том 10. Алматы, 1976. – Б.13*
2. *Кейкін Ж. Қазақ атаулар мен байламдар. – Алматы: «Өлке» баспасы. – 2006. – 456 б.*
3. *Телғожа Ж. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том – Астана, «Іс-сервис» ЖШС, 2006. – 400 б.*
4. *Кеңесбаев І. «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырық» пен байланысты ұғымдар // Известия АН Каз. ССР, серия филологическая, вып. 4 (29), 1946. – Б.14*
5. *Сапаров Қ.Т. Екібастұз өңірінің жер – су аттары.: «ЭКО» 2008. – 252 б.*
6. *Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі. - Павлодар: «ЭКО» 2007. – 307 б.*
7. *Сапаров Қ.Т. және т.б. Павлодар облысы әкімшілік-аумақтық және физикалық географиялық атауларының көрсеткіш анықтамалығы. - Павлодар: «ЭКО» 2007. – 353 б.*

Summary

This article is grouped toponyms associated with the numbers found within the Pavlodar region. Also widely regarded area of their distribution.

Резюме

Эта статья - группируемый топоним связан с номерами нашел в пределах Павлодарского региона. Также широко принял во внимание область их распространения.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША «ТАБИҒАТ САҚШЫСЫ» ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

М.К. Омаров - ПМПИ география және экология кафедрасының аға оқытушысы, география магистрі,

Т.Ж. Танабасова - ПМПИ география және экология кафедрасының аға оқытушысы,
география магистрі,

М.Жүнісова - ПМПИ-дің география мамандығының 4 курс студенті

Мектеп мұғалімдеріне, география пәні бойынша үйірме жұмысының жылдық жоспары ұсынылған.

Түсінік хат

Қазіргі таңда қоршаған орта мәселесі – басты мәселенің бірі болып табылады. Қоршаған ортаның ластану дәрежесін және оның себептері әрбір адамды толғандыру керек. Себебі, өмір сүріп отырған ортамыздың экологиясының таза болуы маңызды. Сонымен қатар, табиғатты ластанудан қорғау – әрбіріміздің борышымыз.

«Табиғат сақшысы» үйірмесі оқушыларды танымдық, қызығушылық икемділіктерін дамытуға, шығармашылық іс-әрекетке, табиғи орта туралы толық мағлұмат алуға үйретеді.

Бұл үйірме жергілікті жердің табиғаты мен экологиясын тануға баулиды, сонымен қатар оқушылардың саяхатқа шығу, әртүрлі ойын сабақтары және конференциялық жұмыстарға деген қызығушылықтарын, дүниетанымын кеңейтеді.

Үйірменің мақсаты – оқушылардың бойында қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін ояту. Адамдардан (антропогендік) шаруашылық әрекетінен ластанған жерлер және олардың экологиялық мәселелері туралы түсіндіру.

Үйірменің мақсатына жету үшін келесі **міндеттерді** қарастырамыз:

- Оқушыларға экология ұғымын түсіндіру;
- Қоршаған ортаға экскурсия жасау;
- Табиғатты аялауға, қастерлеуге баулу;
- Оқушылардың туған жерге деген патриоттық сезімін ояту
- Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру;
- Карталар, анықтамалық сөздіктер, көрнекі құралдар қолдану;
- Кітаппен жұмыс істей білу іскерлігін қалыптастыру, сондай-ақ ұқсастықтары мен өзгешеліктерін айыра білу, қорытындылау, т.б. тәсілдерді үйрету

Тақырыптық жоспар:

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе	1 сағат
2	I тарау. Экология ұғымына жалпы түсінік	3 сағат
3	II тарау. Экологияның қысқаша даму тарихы	3 сағат
4	III тарау. Экология бөлімдері	4 сағат
5	IV тарау. Орта және оның ағзалармен байланысы	4 сағат
6	V тарау. Экологиялық жүйе	4 сағат
7	VI тарау. Қоршаған ортаның ластану көздері	6 сағат
8	VII тарау. Ормандар мен желектерді қорғау	3 сағат
9	VIII тарау. Қоршаған ортаға саяхат жасау	2 сағат
10	IX тарау. Мен – табиғат сақшысымын	4 сағат
	Барлығы	34 сағат

Үйірменің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе	1 сағат
2	I тарау. Экология ұғымына жалпы түсінік	
	1.1 «Экология туралы не білеміз» тақырыбына арналған венн диаграммамен жұмыс сабағы	1 сағат
	1.2 Экология пәні, мақсаты. (дәріс сабақ)	1 сағат
	1.3 «Қоршаған ортаға адамның тигізетін әсері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел сабағы	1 сағат
3	II тарау. Экологияның қысқаша даму тарихы	
	2.1 «Биоэкологиялық зерттеулердің жаппай сипат алуы кезеңі» тақырыбына арналған рольдік ойын сабағы	1 сағат
	2.2 «Экологияның жеке ғылым ретінде қалыптасу кезеңі» тақырыбына арналған рольдік ойын сабағы	1 сағат
	2.3 «Экология ғылымының өрлеу кезеңі» тақырыбына арналған рольдік ойын сабағы	1 сағат
4	III тарау. Экология бөлімдері	
	3.1 «Аутэкология» (дәріс сабақ)	1 сағат
	3.2 «Дэмэкология» (салыстырмалы дәріс сабақ)	1 сағат
	3.3 «Синэкология» (дәріс сабақ)	1 сағат
	3.4 «Экология бөлімдері» тарауына арналған магазин ойыны сабағы	1 сағат
5	IV тарау. Орта және оның ағзалармен байланысы	
	4.1 «Организм және экологиялық фактор» тақырыбына арналған пікірталас сабағы	1 сағат
	4.2 «Су – тіршілік ортасы» тақырыбына арналған мультимедиялық сабақ	1 сағат
	4.3 «Жер – ауа, топырақ» тақырыбына арналған далалық тәжірибе сабағы	1 сағат
	4.4 «Тірі организм – тіршілік орта ретінде» лабораториялық зерттеу жүргізу сабағы	1 сағат
6	V тарау. Экологиялық жүйе	
	5.1 «Экожүйенің жіктелінуі» тақырыбына арналған конференция сабағы	1 сағат
	5.2 «Құрлық экожүйелері» тақырыбына арналған карта бойынша саяхатқа шығу ойыны	1 сағат
	5.3 «Теңіз экожүйелері» тақырыбына арналған карта бойынша саяхатқа шығу ойыны	1 сағат
	5.4 «Экологиялық жүйе» тарауына арналған қорытынды кескін картамен жұмыс сабағы	1 сағат
7	VI тарау. Қоршаған ортаның ластану көздері	
	6.1 «Ауаның ластану көздері және олардың қоршаған ортаға әсері» тақырыбына арналған сурет арқылы ойналатын ойын сабағы	1 сағат
	6.2 «Судың ластану көздері және себептері» тақырыбына арналған пікірталас сабағы	1 сағат
	6.3 «Жер ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану» тақырыбына арналған дөңгелек үстел сабағы	1 сағат
	6.4 «Өз өлкемнің экологиялық жағдайы» тақырыбына арналған конференция сабағы	1 сағат
	6.5 «Қазақстанның ауасы ластанған аймақтары» тақырыбына арналған акростика ойыны сабағы	1 сағат
	6.6 «Қоршаған ортаның ластану көздері» тарауына арналған қорытынды кім жылдам ойыны сабағы	1 сағат
8	VII тарау. Ормандар мен желектерді қорғау	
	7.1 «Қазақстандағы орман ресурстарының жағдайы» тақырыбына арналған пікірталас сабағы	1 сағат
	7.2 «Отынға айналған ормандар» тақырыбына арналған талдау сабағы	1 сағат

	7.3 «Орманды өрттен қорғайық» тақырыбына арналған қабырға картиналарын жасау	1 сағат
9	VIII тарау. Қоршаған ортаға саяхат жасау	
	8.1 «Табиғатты аялайық» тақырыбына арналған экскурсия сабағы	1 сағат
	8.2 «Мен экологпын» тақырыбына арналған жарнама жасау сабағы	1 сағат
10	IX тарау. Мен – табиғат сақшысымын	
	9.1 Өткен сабақтар бойынша қайталау сабағы	1 сағат
	9.2 Өткен сабақтар бойынша бақылау сабағы	1 сағат
	9.3 Өткен сабақтар бойынша конференция сабағы	1 сағат
	9.4 Қорытынды сабақ	1 сағат
	Барлығы	34 сағат

Өтілетін тақырыптардың қысқаша желісі

I тарау. Экология ұғымына жалпы түсінік

1.1 «Экология туралы не білеміз» тақырыбына арналған венн диаграммамен жұмыс сабағы

Оқушыларға венн диаграммасын, яғни мен не білдім, не білемін, не білгім келеді деген сұрақтарымен жұмыс жасап, диаграмманы толтыру жүктеледі.

1.2 Экология пәні, мақсаты. (дәріс сабақ)

Экология – тірі организмдердің бір – бірінен, қоршаған ортамен қарым – қатынасын, байланысын зерттейтін ғылым. «Экология» терминін Э.Геккель 1866 жылы енгізген.

Экология ғылымының басты мақсаты – биосфера ішіндегі ғаламдық проблемаларды бақылай отырып, биосферадағы тіршіліктің тұрақтылығын сақтау. Адам, қоғам, табиғат арасындағы қарым – қатынастарды үйлестіре отырып, табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды негіздеу.

1.3 «Қоршаған ортаға адамның тигізетін әсері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел сабағы

Оқушылар адамдардың қоршаған ортаға тигізетін оң және теріс әсерлері жайлы ой қозғап, пікір – талас жүргізеді.

II тарау. Экологияның қысқаша даму тарихы

2.1 «Биоэкологиялық зерттеулердің жаппай сипат алуы кезеңі» тақырыбына арналған рольдік ойын сабағы

Биоэкологиялық зерттеулердің жаппай сипат алуы кезеңі – XVIII ғасырдың аяқ шенін қамтиды. Осы кезеңде мынадай белгілі ғалымдар еңбек етті: Э.Геккель, К.Линней, Ж.Б. Ломарк, Гумбольдт, Ч.Дарвин, К.Мебиус, Ш.Уалиханов. осы табиғат зерттеуші, биологтар, систематиктер, географтар өздерінің еңбектерінде экологиялық сипаттағы ғылыми зерттеу жүргізіп, экология ғылымының дамуына өз үлестерін қосты.

Оқушылар осы кезеңдегі ғалымдардың бейнесін сомдап, рольдік ойындарға қатысады.

2.2 «Экологияның жеке ғылым ретінде қалыптасу кезеңі» тақырыбына арналған рольдік ойын сабағы

Экология ғылымының жеке ғылым ретінде қалыптасу және даму кезеңдері. Бұл кезең шетелдік табиғат зерттеушілерімен қатар орыс ғалымдарының есімдерімен байланысты. Бұл кезең XIX ғасырдың басы мен XX ғасырдың 70-80 – ші жылдарын қамтиды. Ғалымдар: Северцов, Формозов, Рулье, Житков және тағы басқа.

Оқушылар осы кезеңдегі ғалымдардың бейнесін сомдап, рольдік ойындарға қатысады.

2.3 «Экология ғылымының өрлеу кезеңі» тақырыбына арналған рольдік ойын сабағы

Қазіргі заманғы экология бүкіл ғаламдық ғылымдар мен әлеуметтік экологиялық жағдайлар және проблемалар қамтитын деңгейге жетіп отыр. Осыған орай экология ғылымының қолданылуы және адам экологиясы бағыттары дами түсуде. Экологияның жаңа салалары бойынша теориялық және практикалық зерттеулер жүргізілуде.

Қазақстандық: Тілеубергенов «Адам экологиясы», Сағымбаев «Экология негіздері», «Экология және экономика негіздері», Жатқанбаев «Экология», Бисенова, Шілдебаев «экология» тағы басқа.

Оқушылар осы кезеңдегі ғалымдардың бейнесін сомдап, рольдік ойындарға қатысады.

III тарау. Экология бөлімдері

3.1. «Аутэкология» (дәріс сабақ)

Аутэкология – жеке организмдер арасындағы қарым – қатынастарды оның табиғи ортасымен байланыстыра отырып зерттеу жүргізеді, яғни жеке организмдерге табиғат факторлары қалай әсер

етеді. Оған организм қалай жауап береді, организмдегі морфологиялық, физиологиялық өзгерістер туралы мәселелер қарастырылады. Одан әрі зерттеулер тереңдетіліп, биохимиялық, биофизикалық, генетикалық сипат алады. Нәтижесінде жеке организмнің биоэкологиялық қасиеттері арқылы жалпы түрге оның табиғатта алатын орнына, ролі мен маңызына айнала қоршаған ортаның өзгерісі, тазалығы, ластану деңгейі, маусымдық өзгеруіне адамның іс - әрекеті туралы практикалық маңызына жан – жақты сипаттама беріледі.

3.2 «Дэмэкология» (салыстырмалы дәріс сабақ)

Дэмэкология немесе популяциялық экология – бір түрге жататын организмдер тобы, яғни популяцияларды оның табиғи ортасымен байланыстыра отырып, зерттеулер жүргізеді. Бір түрге жататын организмдердің топ құрып тіршілік ету ерекшеліктері, биологиялық құрылымы, табиғаттағы сан мөлшерінің реттелуі мен ауыл шаруашылығындағы маңызы туралы мәліметтер қарастырылады.

3.3 «Синэкология» (дәріс сабақ)

Синэкология немесе биоценология – бірлестіктер экологиясы ретінде әртүрлі түрлерге жататын популяциялар жиынтығын біртұтас организмдер деңгейінде зерттейді. Организмдер бірлестігінің қалыптасуы, құрылымы, динамикасы, қарым – қатынасы энергия жіне зат алмасуы, сандық және сапалық өзгерісі, биологиялық өнімділігі мен бірлестіктерінің тұрақтылығы туралы мәселелер қарастырылады.

3.4 «Экология бөлімдері» тарауына арналған магазин ойыны сабағы

Бұл сабақ осы тарауды қайталау, қорытындылау сабағы негізінде өткізіледі. Сабақта мұғалім сатушы, ал оқушылар – сатып алушылар. Мұғалім қағаздан түрлі заттардың бейнесін жасап, артына тақырыпқа сәйкес сұрақтар жазады. Затты сатып алған оқушы сұраққа жауап береді. Егер сұраққа дұрыс жауап берсе, сол затты сатып алған болып есептеледі.

IV тарау. Орта және оның ағзалармен байланысы

4.1 «Организм және экологиялық фактор» тақырыбына арналған пікір - талас сабағы

Экологиялық факторлар – тірі организмдерге жеке дамуының бір ғана кезеңінде болса да, тікелей және жанама әсер ете алатын ортаның кез келген элементі.

Экологиялық факторларды 3 топқа бөлуге болады: абиотикалық, биотикалық және антропогендік факторлар.

4.2 «Су – тіршілік ортасы» тақырыбына арналған мультимедиялық сабақ

Гидросфера жер бетінің жалпы ауданының 71 % - ға дейінгі бөлігін алып жатыр. Сулы ортада мекендейтін ағзалары гидробионттар деп аталады. Қазіргі кездегі гидросфера тек қазіргі кездегі тірі заттардың ғана емес, ертедегі геологиялық дәуірлердің тірі затының тіршілік әрекетінің өнімі болып табылады.

4.3 «Жер – ауа, топырақ» тақырыбына арналған далалық тәжірибе сабағы

Жер бетінде тіршілік ететін ағзалар газ тәріздес ортамен қоршалып жатыр. Бұл ортаның өзіне тән ерекшелігі: ылғалдылығының төмен болуы, тығыздығы мен қысымының төмен болуы, оттегінің мөлшерінің жоғары болуы.

Оқушылар табиғат аясына шығып, сол күннің метеобақылауын есептеп, жергілікті жердің жер бедеріне, топырағына қатысты тапсырмаларды орындайды.

4.4 «Тірі организм – тіршілік орта ретінде» лабораториялық зерттеу жүргізу сабағы

Өсімдіктер әртүрлі жануарлар үшін баспана болып табылады. Олар ағаш қабығында, жапырақтарда, бұтақтағы ұяларда мекендейді. Ағаш тәрізді өсімдіктер көптеген шырмауық тәрізді өсімдіктер мен эпифиттер үшін мекен ету ортасы болып табылады. Бұлар паразиттер емес, олар басқа өсімдіктерді тек тіршілік ортасы ретінде пайдаланады.

V тарау. Экологиялық жүйе

5.1 «Экожүйенің жіктелуі» тақырыбына арналған конференция сабағы

Зат айналымды қолдайтын кез келген тірі организм мен бейорганикалық компоненттер жиынығын экологиялық жүйе деп аталады. Бұл ұғымды алғаш рет эколог Тенсли енгізген. Табиғи экожүйелер әртүрлі көлемде және кеңістікте орналасады. Кез – келген экологиялық жүйе тірі бөлігі биоценозdan және оны қоршаған өлі табиғаттан тұрады. Ұсақ экожүйелер жалпы жер экожүйесіне дейінгі ірі экожүйенің құрамына енеді.

Экожүйенің жіктелінуі: микрожүйе, мезожүйе, макрожүйе, мегажүйе.

5.2 «Құрлық экожүйелері» тақырыбына арналған карта бойынша саяхатқа шығу ойыны

Құрлық экожүйелеріне – тундра (солтүстіктегі ормансыз, мүк басқан дала), тайга (солтүстіктегі

кылқан жапырақты қалың орман), орманды дала, дала, шөлейт, шөл, тропик (жер шары экваторынан солтүстікке қарай және оңтүстікке қарай 23° 27° қашықтықта жатқан жер) және таулар.

5.3 «Теңіз экожүйелері» тақырыбына арналған карта бойынша саяхатқа шығу ойыны

Теңіз экожүйелеріне – ашық мұхиттар, жағадағы сулар (континентальды шельф), Апвеллинг (құрлықтан соққан жел үстіңгі қабатындағы жаға суын теңіз ортасына қарай әкетіп, төменгі қабатындағы сулар жоғары көтеріліп жататын) аудандар, лимандар (теңіз жағасынан өзен сағасындағы жайылма қолтықтар).

5.4 «Экологиялық жүйе» тарауына арналған қорытынды кескін картамен жұмыс сабағы

Осы тарау бойынша оқушылар алдыңғы сабақта жүргізген карта бойынша саяхаттарын кескін картаға түсіреді.

VI тарау. Қоршаған ортаның ластану көздері

6.1 «Ауаның ластану көздері және олардың қоршаған ортаға әсері» тақырыбына арналған сурет арқылы ойналатын ойын сабағы

Атмосфера – ауа, химиялық, қоспалар мен су буынан тұратын күрделі жүйе. Ауа жаратылыс (табиғи) жолдармен және адамдардың іс - әрекетінен ластанады. Ластанған ауа адамдардың ішкі мүшелеріне өтіп, денсаулыққа зиянын тигізеді, ал уытты заттар денені улайды.

6.2 «Судың ластану көздері және себептері» тақырыбына арналған пікірталас сабағы

Су – сұйық минерал, түссіз, иіссіз. Суды ластайтын заттарды келесідей топтарға бөлеміз: Физикалық жағдайларына байланысты (ерімейтін, каллоидты, еритін) және табиғатына байланысты ластаушы заттар (минералды, органикалық және бактериалды, биологиялық).

6.3 «Жер ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану» тақырыбына арналған дөңгелек үстел сабағы

Топыраққа ең алғаш рет Ломоносов ғылыми анықтама берген. Ол: топырақ түзілу процесі құнарлылық түзіле жүретін өсімдіктер мен тау жыныстарының арасындағы ұзақ өзара қарым – қатынас деп көрсетті.

Тау жыныстарының топыраққа айналу процесінің аса бір маңызды және жалпы құбылысты құрлықтың бүкіл бетін жауып жатқан гумустық қабаттардың түзілуі болды.

6.4 «Өз өлкемнің экологиялық жағдайы» тақырыбына арналған конференция сабағы

Әрбір оқушы өзі тұратын ауданның, ауылдың экологиялық жағдайын және оны шешу жолдарын ұсынады.

6.5 «Қазақстанның ауасы ластанған аймақтары» тақырыбына арналған акростика ойыны сабағы

Бұл сабақта Қазақстанның ауасы ластанған қалалары туралы ойын сабағы. Яғни, географиялық бірнеше атаулардың бірінің астына бірін жазып, оның бастапқы немесе соңғы әріптерін жоғарыдан төмен қарай тігінен оқығанда белгілі бір қаланың атауы шығады. Мысалы:

- | | |
|--------------------------------------|-------------|
| 1. ОҚО – ғы аудан орталығы: | Шолаққорған |
| 2. Қазақстандағы өзен: | Бірғыз |
| 3. ШҚО – ғы қорық: | Марқакөл |
| 4. Солтүстік Қазақстандағы өзен: | Көкшетау |
| 5. Батыс Қазақстан аймағындағы өзен: | Ембі |
| 6. Қазақстандағы өзен: | Нұра |
| 7. Көне қаланың бірі: | Түркістан |

6.6 «Қоршаған ортаның ластану көздері» тарауына арналған қорытынды кім жылдам ойыны сабағы

Өткен тарау бойынша оқушыларға сұрақ қойылып, тарауды қорытындылау.

VII тарау. Ормандар мен желектерді қорғау

7.1 «Қазақстандағы орман ресурстарының жағдайы» тақырыбына арналған пікірталас сабағы

Қазақстан территориясының 4 пайызға жетер-жетпес қана бөлігін алып жатқан орман ресурстарын қорғап, сақтап қалу және оны жетілдіру, территориямыздың 69 %-ын шөл және шөлейтті аймақтар алып келе жатқан шақта бұл мәселенің өзектілігін одан сайын арттырады.

7.2 «Отынға айналған ормандар» тақырыбына арналған талдау сабағы

Қазақстанның орманды алқаптарын және олардың экологиясын талдау.

7.3 «Орманды өрттен қорғайық» тақырыбына арналған қабырға картиналарын жасау

Оқушылар өткен тақырыптар желісімен әрқайсысы өздері жеке қабырға картиналарын жасайды.

VIII тарау. Қоршаған ортаға саяхат жасау

8.1 «Табиғатты аялайық» тақырыбына арналған экскурсия сабағы

Оқушылар қоршаған ортаға экскурсия жасау барысында қоршаған орта жағдайымен тереңірек танысып, оның мәселелерін анықтайды. Және сол мәселелерді шешу жағдайларын ұсынады.

8.2 «Мен экологпын» тақырыбына арналған жарнама жасау сабағы

Әрбір оқушы өз аймағының экологы болып, сол аймақтың тұрғындарын қоршаған ортаны қорғауға шақыру және қалай үндеу тастау керек? Осы жайлы оқушылар жарнама жасайды.

1. Сағымбаев «Экология».
2. Оспанова, Бозшатаева, «Экология».
3. Рахымбек Д., Кенжебаева Р.Н. «Географияны оқыту әдістемесі», - Шымкент – 2005.

Резюме

Учителям школ предлагается годовой план работы кружка по географии.

Summary

There is suggested the year program for geography circle.

ӘОЖ 911. 574+512

ПАЛЕОГЕОГРАФИЯДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАСТЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

С.А. Абилмажинова – доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Д.І. Жангельдина – п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ,

А.Н. Бейкитова – география магистрі, оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ

Палеогеография ғылымы геологияның дамуымен тығыз байланысты. Палеогеография туралы алғашқы ұғымды, яғни «ежелгі география» терминін ең алғаш орыстың жаратылыстанушы ғалымы **М.В. Ломоносов** өзінің «Жер қабаттары туралы» деген еңбегінде қолданысқа енгізген болатын. Әсіресе палеогеографиялық байқауларды қолданудың қажеттілігі геологиялық зерттеулер мен пайдалы қазбаларды іздестіру шараларын жүргізу барысында арта түседі. Ежелгі ландшафтың негізгі құрамдас бөлігі – жер бедері құрылымдары болса, олардың өзі белгілі бір уақыт аралығында өзгеріске ұшырап отырады.

Алайда олардың неғұрлым ірі пішіндері өте ұзақ геологиялық уақыт аралығында тектоникалық қозғалыстар әсерінен қайта жаңғыра отырып, өзінің тұтастығын сақтап қалады. Сондықтан да кез-келген палеогеографиялық талдау тектоникалық процестердің заңдылықтарын терең де тиянақты зерттеу негізінде жүзеге асырылады. Әсіресе тау жүйелерінің доға тәрізді болып көтерілуі Жердің өз білігіндегі орны мен оның қозғалыс жылдамдығына әсер ететіндегі, ол өз тарапынан климаттық белдеулер орнының ығысуына да ықпал ететіндігі бүгінгі күнде дәлелденген ақиқат екендігі баршамызға аян.

Геологиялық кезеңдердегі физикалық-географиялық жағдайлардың түрлі бағыттарын зерттеу әдіс-тәсілдеріне қарай **палеогеография ғылымының** мынадай басты бағыттарын ажыратуға болады:

• **Палеоэкологиялық бағыт** – шөгінді жыныстардың жинақталу ерекшеліктері мен олардың құрамында сақталып қалған органикалық дүние қалдықтарына талдау жасай отырып, ежелгі геологиялық кезеңдердегі өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік ортасы туралы; ежелгі мұхит айдындары және олардың бөліктері арасындағы байланыстар туралы; сол кезеңдегі климаттық жағдайдың, су алаптарының тұздылық дәрежесінің индикаторы болып саналатын тірі организмдер туралы деректер жинақтайды. Бұл бағытта жұмыс жасаған ғалымдар арасынан орыс ғалымы Р. Ф. Геккерді атап өтуге болады.

• **Палеобиогеографиялық бағыт** - әрбір геологиялық эралар мен жекелеген кезеңдердегі зоогеографиялық және флоралық провинциялар мен облыстардың таралу аудандарын, ондағы тірі организмдердің тұр құрамы мен таралу ареалдарын анықтаумен айналысады. Осы бағыттағы мағлұматтарды жинақтаған Л.Б. Рухиннің, Н.М. Страховтың және М.Шварцбахтың жасаған карталары аса құнды болып саналады.

• **Палеоклиматологиялық бағыт** – палеобиогеографиялық, литологиялық, геохимиялық және палеотемпературалық мәліметтер негізінде ежелгі климаттық жағдай мен қазіргі климаттық жағдай арасындағы ерекшеліктер мен өзара байланыстылықты зерттеумен айналысады.

• **Терригендік-минералогиялық бағыт** – шөгінді жыныстар қабаттарын ауыр және жеңіл

минералдар (кварц, дала шпаты) фракцияларының **корреляциясы** (салыстырмалы талдау) негізінде талдау арқылы олардың шайылу және тасымалдану аймақтарын анықтайды, осы негізде құрамы мен қалыптасуы жағынан біртектес жыныстардың жинақталу аудандарының арнаулы карталарын жасайды. Ондай карталар топтамасын ресейлік ғалымдар А.П. Виноградов, Л.В. Пустовалов, А.Б. Ронов, Г.И. Теодорович, И.С. Грамберг, Л.А. Гуляев және америкалық ғалымдар У.Крумбейн мен Р.Гаррелс жасаған.

• **Геохимиялық бағыт** – ежелгі мұхиттар мен оның бөліктеріндегі судың тұздылығын, физикалық-химиялық режимін, геологиялық кезеңдегі өзгерістерін, сондай ақ аутигендіминералдарды және жиі кездесетін элементтердің (Cl, F, B, Br, Ca, Mg, Sr) концентрациясын зерттеу, сазды және карбонатты жыныстар құрамындағы темір қосылыстарының тотығу дәрежесін анықтау арқылы FeO (Fe₂O₃) атмосфера құрамының өзгерістерін зерттейді. Қазіргі кезде ежелгі су айдындарының түрлі өзгерістерін анықтауда физикалық-химиялық дәл зертханалық зерттеу әдістерінің маңызы күннен-күнге артып келеді. Осы бағытта жұмыс жасаған АҚШ ғалымдары Г.Лёвенстам, С.Эпстайн және ресейлік ғалым Р.В.Тейс еңбектерінің ғылыми және қолданбалы маңызы зор.

• **Динамикалық бағыт** – ежелгі су айдындарының өзгерісін бақылау, яғни тұнба жыныстардың жинақталу сипатын, ағыс бағытын (өзеннің арнасы, теңіз ағыстары), шөгінді жыныстардың жату бағыттары (горизонталь, еңкіш, баспалдақты) ерекшеліктерін анықтауды мақсат етеді. Бұл саладағы түбегейлі зерттеу жұмыстары орыс ғалымдары К.К.Марков, А.А.Величко және А.В.Хабаков еңбектерінде кездеседі.

• **Палеотектоникалық бағыт** – ежелгі тектоникалық құрылымдардың қалыптасу және даму заңдылықтарын, ежелгі формациялар мен фациялардың таралуы мен жиналу қалыңдықтарын талдауға негізделеді. Алғашқы палеотектоникалық карталар В.В.Белоусов, А.Б.Ронов және В.Е.Хаиннің басшылығымен құрастырылған. Олар өзінің құндылығын жойған жоқ, олардың негізінде заманауи әдіс-тәсілдер көмегімен жаңа карталар топтамалары құрастырылуда.

• **Палеовулканоологиялық бағыт** – жанартаулық аймақтардағы қалыпты жағдайда жинақталған шөгінді жыныстардың мезгіл-мезгіл көтерілген лавалық ағындар, жанартаулық күлдер және де басқа жанартаулық атқылаулар әсерінен шыққан атпа жыныстар әсерінен бұзылған аумақтардағы режимді палеогеографиялық реконструкция арқылы қалпына келтірумен айналысады. Осы бағыттағы зерттеу жұмыстары Ф.Ю.Левинсон-Лессинг, А.Н.Заварицкий, И.В.Луцицкий сияқты ғалымдар еңбектерінде жинақталған. Қазіргі палеовулканоологиялық бағыттағы жұмыстарда құрылымдық-фациялық, формациялық талдаулар және қазіргі заманауи физикалық-химиялық зерттеу тәсілдері кеңінен қолданылады.

• **Палеогеоморфологиялық бағыт** – ежелгі және реликт (қалдық) жер бедері құрылымдарын; жер бедерінің ашық және шөгінді жыныстар қабатымен жартылай немесе толықтай жабылған бөліктерін; жер бедерінің жабылу және ашылу кезінде бұзылуға ұшыраған бөліктерін; сондай ақ эндогендік және экзогендік процестер әсерінен жер бедерінің өзгеру дәрежесін анықтаумен айналысады.

Реликт жер бедері пішіндерін палеогеографиялық және палеогеоморфологиялық жолмен талдау нәтижесінде түрлі геологиялық кезеңдерде қалыптасқан жер бедері пішіндері анықталады, олардың даму тарихының заңдылығы қалпына келтіріледі. Палеомагниттік әдістің көмегімен мұхиттардың сызықтық магниттік аномалия өзгерістері нәтижесінде туындаған мобилистік көзқарас негізінде кембрий дәуірінде біртұтас **Пангея** материгінің, ал палеозой эрасында суперматерик **Гондвананың** болғандығы дәлелденді. Бұл жаңалықтар палеогеоморфологиялық реконструкцияның кеңінен қолданысқа енуіне мүмкіндік берді. Палеогеоморфологиялық зерттеулер жүргізуде ресейлік ғалымдар – К.К.Марков, И.П.Герасимов, Ю.А.Мещеряковтың еңбектері өте зор.

• **Палеоокеанологиялық бағыт** – дүниежүзілік мұхит табанындағы жүргізілген терең бұрғылаулар нәтижесінде қалыптасты. Бұл бағыт мұхиттар палеогеографиясын зерттеуге және қалпына келтіруге мүмкіндік беретін жаңа палеоокеанология ғылымының дамуына негіз болды. Бұл салада А.П. Лисицын, У.Х. Бергер, Т.Шойф сияқты ғалымдар еңбектерін атап өтуге болады. Сонымен қатар атақты француз ғалымы Жак Кусто басшылығымен жұмыс жасаған «Калипсо» ғылыми-зерттеу орталығы зерттеулерінің құндылығы жоғары.

Жалпы алғанда палеогеография ғылымының зерттеу бағыттары өте көп, бірақ олардың кейбірі әлі өз дәрежесінде ғылыми тұрғыда толық негізделмеген.

Палеогеография ғылымы мақсты мен зерттеу бағыттарының ерекшелігіне қарай бірнеше құрамдас салаларға жіктеледі. Барлық тарихи ғылымдар тәрізді палеогеография хронологиялық бөліктерге, атап айтсақ геохронологиялық жүйе бойынша (эралар, дәуірлер, кезеңдер және т.б.) да бөлінеді. Палеогеографияның басты тармақтарын анықтап, оларды жіктеуде мынадай басты көзқарастар мен тұжырымдар бар [1-2].

Орыс ғалымы Н.М. Страхов палеогеографияны жалпы кеңістікті қалпына келтірумен айналысатын **нағыз палеогеографияға** және ежелгі физикалық-географиялық жағдайды анықтау мәселесімен айналысатын – **биономияға** жіктеген.

Л.Б. Рухин палеогеографияны **жалпы** және **региондық палеогеографияға** бөлген. Дәл осындай бағыттағы жіктемені кейіннен М.Ф. Веклич және В.И. Славин мен Н.А. Ясаманов та ұсынған.

Палеогеографияны алдына қойған мақсаты мен зерттеу нысандарына қарай түрліше жіктеуге болады. Зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес палеогеография **жалпы, жеке** және **қолданбалы палеогеография** деп бөлінеді.

Жалпы палеогеографияның басты мақсаты – палеогеографиялық мағлұматтарды талдау негізінде біртұтас географиялық қабықтың ежелгі тарихын, ондағы басты өзгерістерді қарастыру. Бұл салаға математикалық әдіс-тәсілдер мен үлгілеуді кеңінен қолданатын **теориялық палеогеографияны** да жатқызуға болады.

Жеке палеогеография белгілі бір нақты бағыттағы палеогеографиялық мәселелерді анықтау және талдаумен айналысады. Оның өзі **компоненттік, региондық** және **тарихи палеогеография** салаларынан құралады.

Компоненттік бағыттағы палеогеография ежелгі табиғатты құраушы жекелеген компоненттер мен процестерді зерттеумен – ежелгі ландшафт құрылымын, палеоклиматтық, палеогидрологиялық, палеофауналық, палеофлоралық, палеогеоморфологиялық және палеоэкологиялық жағдайларды қалпына келтіру мәселелерімен айналысады.

Региондық палеогеография жер шарының жекелеген нақты бөліктерінің (облыс, регион, аудан, аймақ, бөлік және т.б.) ежелгі табиғатын қалпына келтірумен, ал тарихи палеогеография ежелгі табиғаттағы өзгерістерді геохронологиялық ретпен белгілі бір уақыт аралығы шегінде анықтау және қалпына келтіру істерімен айналысады.

Қолданбалы палеогеография – анықталған палеогеографиялық ақпараттарды күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігін арттырудың тиімді жолдарын қарастырады. Оның құрамында мынадай басты салалар бар:

- **шөгінділік жолмен қалыптасатын пайдалы қазбаларды (маскөмір, мұнай, жанғыш тақтатас, боксит, темір кені, фосфорит, тас тұзы және т.б.) іздестіру;**
- **болжау жасау, оның ішінде палеогеографиялық ақпараттарды ұзақ мерзімді географиялық болжамдар жасауда ұтымды пайдалану;**
- **табиғат қорғау және табиғат байлықтарын тиімді пайдалану, қоршаған ортаны зиянды антропогендік әсерлерден қорғау барысында экологиялық және геоэкологиялық бағыттағы ақпараттарды үздіксіз әрі ұтымды пайдалану.**

Осы мәселерді қарастыру барысында палеогеография ғылымының ежелгі табиғи орта жағдайларын зерттейтін жана бір қолданбалы – «дәстүрлі» емес саласы – **палеоэкология** қалыптасты.

Бүгінгі таңда табиғи ортаның антропогендік факторлар әсерінен өзгеру дәрежесін зерттеу барысында кез-келген аймақтағы ежелгі табиғи орта сипатын қалпына келтіруге негіз болатын жаңа қолданбалы сала – **палеогеоэкология** жедел қарқынмен даму жағдайында [3-4].

Жалпы алғанда палеогеографияның қандай саласы болмасын оның басты зерттеу нысаны қазіргі географиялық қабық пен оның құрамдас бөліктерінің қалыптасуы мен дамуына алғышарт болған ежелгі геологиялық кезеңдердегі заңдылықтар мен процестерді қалпына келтіру болып табылады.

1. Вронский В.А., Войткевич Г.В. Основы палеогеографии. – Ростов н/Д: Феникс, 1997. – 576 с.

2. Свиточ А.А., Сорохтин О.Г., Ушаков С.А. Палеогеография. – М.: Академия, 2004. – 448 с.

3. Сорохтин О.Г., Ушаков С.А. Развитие Земли. - М., 2002. – 560 с.

4. Әбілмәжінова С.Ә., Жангелдина Д.І., Бейкитова А.Н. – Палеогеография. – Алматы, Экономика, 2011. – 19-26 б.

Резюме

В статье рассматривается развитие и основные направления науки современной Палеогеографии. Общая и региональная палеогеография и их классификация. В статье раскрыты отрасли палеогеографии и их общие характеристики.

Summary

Given article deals with the development and main directions of modern Paleogeography. General and region of Paleogeography and its classification. The spheres of Paleogeography and its general characteristics are given in the article.